

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ  
УЎЗІРЛІГІ

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Шет тилдер факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

КӘСІПТІК БІТІРУ ЖҰМЫСЫ

**ТАҚЫРЫП:**

*«Әдебиет сабақтарында мазмұндама, шығарма жазуды  
меңгерту»*

**ОРЫНДАУШЫ:**

Таңатарова П.

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ:**

Узақбаева Ж.Х.

Науаи – 2014

## МАЗМҰНЫ

### КІРІСПЕ

#### 1. ТАРАУ. Қазақ тілінен жүргізілетін жазба жұмыстары туралы

1.1. Түрлі жазба жұмыстарының өткізу жолдары -----5-11

1.2. Жазба жұмыстардың оқушы білімін, сауаттылығын арттырудағы

орны----- 12-19

#### 2. ТАРАУ. Қазақ тілінен жүргізілетін жазба жұмыстары туралы

әдістемелік еңбектерге шолу

2.1. Жазба жұмыстар жүйесіндегі шығарманың алатын орны -----20-34

2.2. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытудағы мазмұндаманың

түрлері -----35-40

3. Оқушылардың жазба жұмыстарында кездесетін қателер түрлері,

оларды болдырмаудың жолдары -----41-52

**Қорытынды** ----- 53-54

**Пайдаланылатын әдебиеттер** ----- 55-56

## **КІРІСПЕ**

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ тілінде оқытылатын тіл ұстарту – баланың ойлау процесімен байланысты әрі зерттеудің әдістанымдық негіздері. Тіл ұстарту оқушы зерттеу жұмысының жаңалығы. Жазба жұмыстарының жазба жұмыстарының түрлеріне және жеке – жеке сипаттама берілді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жалпы білім беретін жазу мен айту – бір-біріне байланысты нәрсе. Сабак барысында оқушының жазбаша тілін дамытуда, ойды байланыстырып құрастыруда, сөздерді орынды пайдалану.

### **Осы дипломдық жұмысты жазудағы мақсатым:**

1. Жалпы орта мектепте қазақ тілінен жүргізілетін жазба жұмыстары мен оларды өткізу жолдарына тоқталу.
2. Әдіскер – ғалымдардың жазба жұмыстары туралы пікірлерін негізге
3. Мектептегі іс-тәжірибеме және баспасөз бетінде жарияланған ұстаздар тәжірибесіне
4. Жазба жұмыстардың маңыздылығын, оқушының білім деңгейінде алар орнын айқындау.

Жұмыста оқушылардың қазақ тілінен алған теориялық білімдерін нығайту, кеңейту және олардың коммуникативтік біліктілігін арттыру арқылы қазақ тілін сөз мәдениеті талаптарына сай деңгейде дұрыс қолдана білуге жетелеу.

Бұл құрал тілдің грамматикалық белгілері мен ерекшеліктерінің сырын, оның әлеуметтік мәнін ашып, тіл мәдениетін арттыру, шығармашылық ізденіс, іскерлік дағды қалыптастыруға септігін тигізеді деген талаппен жасалды. Осы құралды тереңдетіп оқытатын сыныптар үшін де пайдалануға болады.

### **Менің кәсіптік жұмысымның міндеті**

- Тапсырмалардың дамытушылық дәрежесін көтеру.
- Оқушылардың өзіндік пайымдауларын, бағалауларын, қорытындылауларын мұғалім түсінігімен толықтыра отырып, енді оны ғылымиландыру, іргелі терең білімге бағдарлау.

- Дүниетанымдық, ой-өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіретін, жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін қосалқы материалдарын білім беру.

Осы тұрғыдан келіп, мен өзімнің кәсіптік бітіру жұмысының тақырыбын «Әдебиет сабақтарында мазмұндама, шығарма жазуды меңгерту» деп тандадым. Мақсатым: қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытуды ұйымдастыру жөнінде бағыт – бағдарды үйрену , зерттеу, талдау.

### **Кәсіптік бітіру жұмысы үш бөлімнен тұрады.**

I.Кіріспе.

II.Негізгі бөлім.

III.Қорытынды.

Кәсіптік бітіру жұмысы қазақ тілін оқыту методикаларына білім берудегі әдіс-тәсілдер негізінде білім беру жолдарына сүйеніп жазылған. Кәсіптік бітіру жұмысын жазу барысында озат тәжірибелі оқытушылардың әдістерінен пайдалануға тырыстым.

## **1. ТАРАУ.**

### **1.1. Түрлі жазба жұмыстарының өткізу жолдары**

Жалпы жазба жұмыстары тіл дамытумен қатар, балаларды ойлай білуге, ізденіске жетелейді. 5-7 сыныптардағы жазба жұмыстарының ең ауқымдысы – мазмұндама. Мазмұндама мынадай бірнеше түрге бөлінеді:

- а) Мәтінге жуық жазылатын мазмұндама. Мұнда оқиға эпизод, диалог, монолог, баяндау, суреттеу сияқты элементтер сақталынып жазылады.
- ә) Ең басты оқиғаларды ғана теріп жазатын мазмұндама.
- б) Бір оқиғаның айналасында ғана жазылатын мазмұндама.
- в) шығармашылық бағыттағы мазмұндама.

Мазмұндаманың түрлері мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатына байланысты өзгеріп отырады.

Шығармашылық бағыттағы мазмұндамаларды 8-9-сыныптарда да жүргізу тиімді. Әсіресе, шешендік қақтығыстар. Сырым, Қазыбек би, жыраулар мұраларына байланысты мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама күрделі болып келеді, себебі, олардан шешендік сөздердің дәнін сақтау, сұлбасын нақты беру талап етіледі.

Жоспар жасауға дағдыландыру, әсіресе, 5-7 сыныптарда күрделі де маңызды мәселе. Оған үйретудің тиімді деген әдіс-тәсілдерінен мұғалім де үзбей үйренуі керек. Көркем мәтінді оқу, мазмұнын меңгерту кезінде мұғалім ең басты мәселелерді бөліп алып, оқушы назарын үнемі соған аудартып отыру керек. Оған қысқа, тұжырымды тақырып қойып, тақтаға, не дәптерлеріне қолма-қол жаздырып отырады.

2. Негізгі, маңызды мәселелер баяндалатын абзацтарға көңіл бөліп, оған ат қойғызады.

3. Эпизодтарға бөлгізеді. Композициялық құрылысын анықтатады (байланыс, шарықтау шегі деген сияқты).

4. Оқиғаларды рет-ретімен жүйелеп, сол бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатады.

5. Шығарманы оқу, талдау алдында оның ең негізгі түйінді дәні жазылған («Нені білу керек?» деген атпен жазуға болады) көмекші-нұсқауды кестеплакатқа іліп қою тиімді. Себебі, жоспар жасауда оқушы оны басшылыққа алады.

Шығарма жазба жұмыстарының ең күрделісі. Шығармаға дайындық тіл дамыту жұмыстарында жүргізіледі. 5 сыныптан бастап шығарма жаздыруға дағдыландырады. Жазу дағдыларын қалыптастыру біртіндеп әдісі бойынша дамып, күрделеніп отырады. 5-7 сыныптарда жай, 8-9 сыныптарда күрделі, 10-11 сыныптарда сыр, ой-толғау проблемалы шығармаларды жаздырады.

Шығармаға қойылатын негізгі талаптар: Өмірден көргенін көкірекке түйе біліп, қорытынды жасау; көркем туындыдан алған өнегесін өмірмен, өз ой-пікірімен ұштастыра білу; тақырыптың идеясын ашу, дәйектемелерді (қанатты сөздер, мақал-мәтелдер) орынды үйлестіру; шәкірттердің жазба жұмыстарына психологиялық әзірлігі.

Шығарма мазмұнына қарай: әдеби тақырыпқа байланысты; шығармашылық әңгіме; пейзаждық ой-толғау; инсценировка; поэзия негізінде; прозалық жанрға жазылатын шығармалар болып бөлінеді.

Шығарманың түріне байланысты ақындардың шумақтарын; эпиграфтарды орынды пайдалану; жоспарын жасай білу; сол жоспарға сай баяндау, хабарлау, суреттеу, мінездеу әдістерін үйрену; халықтық педагогикалық тәрбие мәнін ашу; шығарманың кіріспесі мен негізгі, қорытынды бөлімдерінің арасындағы байланысты қиюластыру; тақырыпқа, идеяға өз көзқарасын, пайымын ашық үйлесімді жазу.

Шығарма тақырыбы өтілген материалдарды қорытындылап, талдап бере алатындай дәрежеде алынады. Шығарманың мәтіні, тақырыптың тарихы, теориясы, даналық көзқарасы – тақырыпты ашуда, оны талдауда оқушының саналы түсінуіне жол ашады. Шығарманың жоспары тақырыптан нені жазу керек екеніне жол көрсетеді. К.Медеубаеваның «шығарма

тақырыптарына жоспар құру үлгісі» мақаласында: Даналық мәйегі (мақал-мәтелдер).

1. Кіріспе бөлімі.

Мақал-мәтелдер – халықтық мұра, ұлттық өнеге мектебі.

2. Негізгі бөлімі:

- а) Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.
- ә) Мақал-мәтелдегі еңбек туралы өзекті ой.
- б) Ерлікті дәріптеу, батырлықты марапаттау жайлы халық даналығы.
- в) Өнер, оқу-білімнің халық педагогикасындағы көрінісі.

3. Қорытынды бөлімі.

Мақал-мәтелдердің сөйлеу мәдениетіндегі маңызы.

Мақал – сөздің мәйегі, ойдың дәйегі, халық даналығы.

Жамбыл Жабаев шығармаларындағы патриотизм

1. Кіріспе бөлімі.

... Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай...

2. Негізгі бөлімі:

- а) Жамбыл қазақ жырының алып бәйтерегі.
- ә) Жамбыл Жабаевтың тарихи дастандарындағы патриотизм.
- б) Ұлт-азаттық тақырыбы жырларындағы азаматтық сарын.
- в) Отанды сүю, Жамбыл өлеңдеріндегі негізгі идея.

3. Қорытынды бөлімі.

Өлең сөздің Жамбылы. М. Әуезов. (149)

Мазмұндама мәтіні оқытудың білімдік, тәрбиелік міндеттеріне сай, мазмұны мен тілі оқушыларға түсінікті болуы тиіс. Мазмұндамаға әдебиет бағдарламасында көрсетілген көркем шығармалардан да, бағдарламадан тыс текстер де алынады.<sup>1</sup>

Шығарма оқушының мәтінді ұғынуына, тіл заңдылықтарына орай ойын, сапасын тереңдетіп, ой – пікірін жүйелі жазбаша шығармашылықпен

---

<sup>1</sup>С.Мақыров. «Қазақ әдебиетінен шығарма жазу жұмыстары.»

жеткізуге баулиды. Білімін көтереді, эстетикалық сезімін, талғамын, ұлттық танымын байытады.

Шығармашылық жұмыстар – оқушылардың тілін дамыту барысындағы тәжірибелік жұмыстардың бірі. Оқушыларды шығарма жаза білу, үйретудегі мақсат Абай, Мұхтар, Ғабит сияқты ірі сөз зергерлерін дайындау міндетін шешу емес, өз ойын, пікірін орамды түрмен дәлді әрі нақты, әсерлі де жүйелі жеткізе алатын сауатты адам тәрбиелеу, оның түрлі тәсілдері мен амалдарын меңгере отырып, жазу жұмысына үйрету болмақ.

Шығарма – тіл дамыту жұмыстарының ішінде оқушылардың өзіндік ойын, тілін, сөйлеу мәнерін қалыптастыру ісіне тікелей қатысы бар пәрменді жұмыс түрі. Шығарма жазу арқылы оқушылардың тақырыпты өз бетінше әңгімелей білуге, жоспар жасап, мәтінді жоспарға сай жүйелі айта білу, ойын жинақтап, белгілі мәселе төңірегінде өз пікірін жеткізуге жаттығады. Ойды екінші біреуге түсінікті, нақты, жүйелі айтып, не жазып жеткізу үшін мектеп оқушыларына да мынадай дағдылар қалыптастырылады: естіген, оқыған, айтылған мәседені есте сақтап, сапалы түсіне білу; бір мәселе не тақырып жөнінде өз ойын басқаға нақты, дәл, жатық, әсерлі жеткізіп айта білу; ойын сауатты, мәдениетті, жүйелі жаза білу.

«Шығарма жұмысы, оның түрлерін, тұлғаларын үйретудің кезеңдері мен әдіс-тәсілдері қалай?» деген мәселелер қазіргі әдіскерлер мен мұғалімдердің тәжірибесінде әр түрлі қарастырылып келеді. Әр сынып оқушыларының жас және білім ерекшелігіне байланысты шығарманың көлемі мен мазмұны анықталған жоқ.

Сондай-ақ әдебиет пен тілге байланысты теориялық біліміне сәйкес шығарманың түрлері мен формаларының қайсысын жаздырып жаттықтыру да бір жүйеде емес. Әр мұғалім өзінің тәжірибесіне байланысты шығарманы өзінше ұйымдастырып келеді. С.Мақпыров пен Л.Алтынбеков шығарманы екі бағытта қарастыру керектігін айтады: «Сонымен шығарма не үшін жазылады? Оны жаздырудағы мақсат қандай?» дей келіп, «Сонда шығарма жұмысы оқушының өзі оқып, таныған туынды жайындағы, ондағы адамдар

бейнесі, іс-әрекеттері туралы өзіндік тұжырымы, қорытынды пікірлері болып табылады» деп көрсетті. Атап айтқанда, шығарма жұмысын бұл авторлар әдебиет пәніне байланысты қарастырады да, оның мақсатын көркем туындыны игеруге көңіл бөлу деп есептейді. (С.Мақпыров «Қазақ әдебиетінен шығарма жұмыстары» Рауан, 1994ж., 74-б.).

Шығарма жұмысын оқушының тілін дамыту мақсаты бойынша қарастырсақ, онда шығарма оқушыны жазбаша сөйлеуге, яғни ойын жазбаша түрде бере білуге үйрету болып табылады.

Сондай-ақ кейбір әдістемелік пікірлерге мазмұндама мен шығарма аралығында аталған екеуіне де жатпайтын жазу жұмыстары бар деп есептейді. Атап айтқанда, жазу жұмысының бұл түрін М.А.Рыбникова «Күрделенген мазмұндама», В.В.Голубков «Шығарма» деп, ал Қоңыратбаев «Шығарма типті жазу жұмысы» деп атайды. (М.А. Рыбакова. Письменные работы в старших классах литература в школе. 1941,№3,7-47 б.; В.В. Голубков. Методы преподавания литературы. М.,1962, Учпедгиз, 493-б.) Жазу жұмысының ішіндегі шығарма жұмысына баға беру, оның әдіс-тәсілдерін анықтауға тілшілерден гөрі (қазақ тілі бойынша) әдебиетшілер (әдебиет пәні бойынша) белсенді қатысады.

Тіпті шығарма жұмысын әдебиетті оқытудың,әдебиеттен берілетін теориялық-практикалық білім берудің бірден-бір жолы деп қарастырады. «Шын мәніндегі шығарма 8-10 сыныптарда әдебиет тарихы курсына байланысты жүргізіледі. Ол сыныптарда жазылатын шығарманың нысанасы белгілі бір дәуірде өмір шындығына байланысты туған оқиға, көркем бейне болып есептеледі. <sup>2</sup>

Олардың бірін жазғанда оқушы пікірін, ой топшылауларын, берер бағасын тарихи шындыққа сүйене отырып нақтылы айтуға, алған тақырыбын бүгіннің бөлшегі етіп көретуге талпынады.» (С.Тілешова. Әдебиет сабағында жүргізілетін жазу жұмыстары. А., «Мектеп», 1971, 116б.). орыс тілінің әдіскерлері «Шығарма – қандай да бір болмасын материалды өздігінен

---

<sup>2</sup>С.Тілешова.Әдебиет сабағында жүргізілетін жазу жұмыстары.

байланыстырып мазмұндап тұратын тұтас жаттығулар жиынтығының жалпы анықтауы» дейді. (Л.С.Айзерман. школьник пишет сочинение. М., «Знание», «Просвещение», 1977, 64-б.).

Әр мұғалім шығарманы не үшін жаздыруына, яғни мақстына байланысты оның түрін де, көлем мен мазмұнын да анықтайды. Көркем шығарма жазушының жеке шығармашылығы болғанымен, өзінің шеберлігін, тілдің қарым-қатынасқа түсу қалыбын танытады. Сондықтан түптеп келгенде көркем шығарманы тану, білу дегеніміз тілдің қызметінің бір қырын игеру болып шығады.

Шығарма оқушының өзінің танымына, білімдеріне сүйеніп ойын жазбаша дұрыс, жатық, әсерлі, нақты жеткізе білуге дағдаландыратын тәжірибелік жұмыстың бірі болса, онда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы мақсат та осы оқушының дербес ойлау білуі мен сол ойын дұрыс жеткізе алуға баулу болып табылады.

Сондықтан қазақ тілі пәні болсын, әдебиет пәні болсын, шығарма – екеуіне де ортақ тәжірибелік жұмыс, бірақ екі пәннің өзіндік ерекшелігіне байланысты шығарманы орындау, даярлау бағытында да өзгешелік, ерекшеліктері бар. Біз шығарма жұмысын әр пәнге байланысты бөліп көрсетуді емес, оқушының жазбаша сөйлеу әрекетін шығарма жұмысы арқылы дамытудың әдіс-тәсілдерін қарастырдық.

Шығарма дегеніміз – оқушылардың тілдік және әдебиеттік білімдері мен өзінің таным, түйсік, көзқарасының тәжірибелеріне сүйене отырып өз ойын жүйелі, әдеби тіл қалыбында бере білуге машықтандыратын жазбаша тәжірибелік жұмысының бірі. Қазақ тілі әдебиеті пәндерінен шығарма жаздырудың мақсаты мен міндеті осы мазмұннан туындамақ.

Тіл қай елде, қандай қоғамдық құрылыста болмасын қатынас құралы керек десеңіз тіршілік құралы болып келеді.Отбасынан бастап, тілдің қоғамдағы қызметі туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ.Ал атам заманнан қазақ қоғамындағы тілдің орны, атқарған қызметі ерекше болғаны

баршаға аян.Бабаларымыздың «Өнер алды – қызыл тіл», «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген даналық сөздерінің өзі көп нәрсе аңғартса керек.

Рухани бай, жан – жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі тіл байлығы дер едік, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы оөйлей білетін, Абайша сілтегенде жүөекке жылы тиетін, «айнасы теп – тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет қалыптасады.Мектептегі тіл дамыту жұмыстарының ең тиімді жолдары пәнаралық байланысқа иек арту болып табылады.Соның ішінде әдебиет пәні мен қазақ тілі пәндеріндегі тіл дамыту жұмыстарын жеке дара қарастырмай, үнемі, жүйелі түрде,бірлікте,бір мақсатта жүргізіп отырған нәтижелі,жемісті болмақ.Тіл байлығының ұғымы кең.Әр пәннің өз тілі, оған қойылатын өз талаптары бар.

## **1.2. Жазба жұмыстардың оқушы білімін, сауаттылығын арттырудағы**

«Өнер алды – қызыл тіл», - дейді халқымыз. Мектепте берілетін бүкіл білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушылардың тілін дамыту – тек әдебиетші, тілшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл мектептің, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап.

«- Ең әдемі сөз – аз сөз» дейді халық. «Көп сөз көмір, аз сөз - алтын» дегені тағы бар. Мәдениетті, әдемі сөйлеу үшін, көп сөйлеу міндетті емес. Қай жерде болсын, айтарыңды қысқа айтуға тырыс. Сөйлемдерің шұбалыңқы, шашыраңқы болмасын. Мәдениетті сөйлеудің бір жолы – қыстырма сөздерді, жергілікті жерлерде ғана пайдаланатын сөздерді пайдаланбау, «әй, өй» деп, өзінді, тыңдаушыны да мазалай беру әбестік болады.

Сөйлеу мәдениеті деген – ең алдымен әдепсіз, көргенсіз сөздерді қолданбау. Осыған абай бол. Екіншіден, айғайлап, дабырланып, екіленіп сөйлеме.

Пікір таластырып тұрсаң да, сабырлы басыңқы сөйлеуге тырыс. Басқаны толық тыңда, сөзін бөле берме. Өзің де айтарыңды жинақы етіп жеткіз.

Тіл дамыту - әдебиетті оқыту әдістемесінің ең бір күрделі де маңызды саласы. Ол жүйелі түрде шығармашылық бағытта жүргізіледі.

Оқу бағдарламасында тіл дамытуға арнайы сағаттар бөлінген, бірақ оны тек сол сағаттарда ғана жүргізу керек деп ұқпау керек. Жоғарыда айтылғандай, тіл дамытуға мұғалім әдебиеттің әр сағаты, сыныптан тыс жұмыстарда үнемі көңіл аударып отырады.

Әдебиет сабағындағы тіл дамыту оқытылып жатқан көркем шығарма негізінде, оның көркем тілін жаңғырту негізінде жүзеге асуы керек. Оқушылардың әдебиет сабағында көркем тілін дамыту үшін де басқа пәндермен байланыстырып оқытудың маңызы ерекше.

Тіл мәдениетіне дағдыландыру, көркем, әдеби тілін жетілдіруде қазақ тілі сабағының орны ерекше. Шебер мұғалім тіл дамытуда осы екі сабақты үндестіріп, бір бағытқа жұмсайды. Қазақ тілі сабағында да тіл дамытуға арнайы сағаттар бөлінеді, әрі әдебиетке бөлінген сағаттардан көп. Міне, осы сағаттарды тиімді пайдаланса, мұғалім оқушылардың көркем тілін қалыптастыруда біршама жұмыстар атқарады.

Әсіресе, оқушылардың ауызша тілін, сөйлеу мәдениетін, шеберлігін арттыруда пікірталасы, айтыс сабақтар, баспасөз конференциясы, брифинг, көзқарас сабақтарының маңызы ерекше. Ал жазбаша тіл дамытуда реферат қорғау, конференция, семинар, семинар-сабақ, т.б. сабақтардың орны зор.

Практикалық сабақтар тіл дамыту жұмыстарына қолайлы болып келеді. Мысалы, І. Жансүгіров шығармашылығын оқытып болған соң, қорытынды сабақты ақын поэзиясының тіл көркемдігі, поэтикалық, эстетикалық нәрі, табысы айналасында өтуге болады. Мұндай жұмыстар тек бала білімін тереңдетіп қана қоймай, тілін дамытуға қазақтың бай тілін меңгертуге, оны бейнелі, образды, көркем түрде пайдалана білуге де жетелейді.

Тіл дамыту жұмыстарын сондай-ақ тарих, биология, т.б. сабақтармен де байланыстыра жүргізуге болады.

Әдебиет сабағының басым көп уақыты оқушылардың да, мұғалімдердің де ауызекі сөйлеу тіліне кетеді. Оқыған әңгімелерін не басқа көркем туындыларын мәнерлеп оқу, мазмұндау - әдебиетті оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері.

Мұғалім 5-7 сыныптар оқушыларының көркем тілін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуда жауаптарының жоспарын жасап үйретулері керек. Ол жоспарды тиімді пайдалануға дағдыландыру – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Жоспар, нұсқау немесе тезис құрылысы мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Кіріспе сөз.
2. Негізгі ойлар. Ой мен кіріспе арасындағы байланыс.
3. Негізгі ойды баяндау.

4. Негізгі ойдың шарықтау шегі.

5. Ойды аяқтау.

6. Қорытынды пікір.

Тіл тарихы – халық тарихы. Тіл халық тарихымен бірге дамиды, өзгереді, халықтың рухани дүниесінің жетістіктерін бойына сіңіреді. Ұлттық сананың дамуын сөз төркіндерінен іздеп, олардың сөз шежіресін келешекке жеткізіп, жаңа мағына беру, оларды ғылымиландырып, жаңа сапаға көтеру – мәдениетті, өркениетті елдердің ғылымы мен мәдениетін қалыптастырудың сара жолы. Б. Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту», - дейді. Тіл – сан сөздердің жиынтығы. Көркем әдебиеттің негізгі құралы тіл.

Сөйлеу тілі – адамның ой-сезімін басқаларға білдіру үшін көркем сөйлеуге әрекеттенеді. Тіл – қатынас құралы ретінде қызмет етеді.

Тіл дамыту жұмыстарының негіздері: тіл дамыту жұмысы оқушының әдебиеттен, қоршаған ортадан алған әсері негізінде жүргізіледі. Неше түрлі тақырыпта жазылған туынды, шытырман оқиға, кейіпкер әрекеттері шәкіртке әсер етеді. Сол әсер ойлануға әкеліп, ой қозғап, бейнелі сөз тілге оралады. Мұғалім әрбір оқушыға жаңадан танылған бейнелі сөздің мән-мағынасын ашып, толық меңгертуге жол, әдіс іздейді; тіл мәдениеті бір күнде жасалмайды. Оқыту үрдісін де жүйелілікті, дағдыландыруды қажет етеді.

Оқушылардың тілін дамытуға, олардың өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс әрі тартымды баяндай білуге үйрететін шығармашылық жазба жұмыстың бірі – мазмұндама. Жаңа бағдарламаның талаптарына сәйкес мазмұндама түрлері оларды қалай жаздыру керектігі мәтін соңындағы сұрақтар мен тапсырмаларда көрсетіліп отырылады. Мұндай тапсырмалар кейбір мәтіндерге үлгі ретінде ғана беріледі. Өйткені тіл дамыту жұмысы тіл сабақтарының тақырыптарымен ұштастыра, байланыстыра жүргізілуі керек. Сондықтан да мұғалімдер мазмұндама жинағымен жұмыс істегенде тіл тапсырмаларының қалай берілгендігі туралы үлгіні басшылыққа алып, басқа мәтіндердің материалдарын да пайдаланғаны жөн.

Мазмұндамалар жинағының мұғалімдердің пайдалануына қолайлы болу жағын ескеріп, мәтіндерді мөлшермен әр сыныпқа жеке-жеке бөліп береді. Жинаққа қосымшаретінде V—IX сыныптарды жүргізілетін шығарма жұмыстарының үлгі тақырыптары ұсынылады.

Жинақтағы материал V—IX сыныптарды жүргізілетін тіл дамыту жұмысының төмендегідей түрлерін қамтиды:

- 1) ауызша әңгіме өткізу;
- 2) берілген сұраққа ауызша-жазбаша жауаптар қайтару;
- 3) жай және күрделі жоспар жасау;
- 4) мәтіннің көркемдік ерекшелігін және шығарманың; тіл, стиль ерекшелігін сақтай отырып, мәтінге жақындата ауызша және жазбаша мазмұндау;
- 5) мәтіннің формасын өзгерте мазмұндау, яғни I жақ, осы шақ формасындағы мәтінді III жақ, өткен шақ формасында немесе керісінше мазмұндау;
- 6) қысқарта мазмұндау, яғни берілген мәтіндік тек түйінді, негізгі мәселелерін ғана мазмұндау;
- 7) мәтіннен цитата және эпиграф келтіре отырып мазмұндау;
- 8) берілген мәтін туралы өз ой қорытындысын қоса мазмұндау;
- 9) шығарма жұмыстары;
- 10) сөздік жұмыстары;
- 11) берілген мәтін бойынша шәкірттердің өз беттерімен немесе мұғалімнің көмегімен сұрау-тапсырмалар құруы және әдеби-теориялық ұғымдарды пайдалана білуі.

Әр сыныпқа арналған жеке бөлімдерде хабарлау-баяндау, суреттеу және байымдау-мінездеу түріндегі шығармалардан тиісті үзінділер берілді. Шығармалардың бұл түрлері мазмұндама жұмысында сыныптың жалпы дайындығына, оқушылардың басым көпшілігін көбірек қызықтыратын тақырыптарға, мұғалімнің алдына қойып отырған мақсатына қарай V—IX сыныптардың қай-қайсысында болсын белгілі бір дәрежеде қамтылып отырылуы керек. Негізінде, V—VI сыныптар үшін хабарлау-баяндау, VI

сыныпта — суреттеу, VII және IX сынаптарда — байымдау-мінездеу түріндегі шығармалармен жұмыс жүргізу негізгі орын алуға тиіс.

Оқушыларды шығарманың жоспарын жасауға жаттықтыру жұмысы ерекше және елеулі орын алуға тиіс. Бұл — оқушылардан көп жаттығуды және мұғалімнің өзінің ізденіп, еңбектенуін талап етеді. Сонымен бірге жоспар жасау оқушылардың берілген мәтінді тереңірек түсінуіне, логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға, мазмұндама жұмысын дұрыс орындауға көмектеседі, яғни жұмыстың нәтижелі орындалуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік бағдарлама V сынып оқушыларының, өздеріне көлемі шағын шығармалар мен жеке үзінділерге жай және күрделі жоспар жасай білуді, жоспардың әрбір тармағын сөйлемнің бір ғана түрімен де, цитаталар арқылы да жаза білуді міндеттейді. V—IX кластарда бұл жұмыс тереңдей түседі, бұл сыныптарда шығарманың, күрделі жоспарын жасауға көбірек көңіл бөлінеді.

Жинақтағы мәтіндердің басым көпшілігіне мазмұндау жоспары берілді. Оларды мұғалімдердің міндетті түрде қолдануы талап етілмейді. Ол оқушыларға шығарманың әр түріне қарай қалай жоспар жасау керектігін үлгі ретінде көрсету, жоспардың әрбір тармағын әр түрлі сөйлемдермен құрастыру үлгілерімен таныстыру мақсатын көздейді.

Оқушыларды көрнекті жазушылардың шығармаларындағы жеке тарау, тақырып аттарымен және қысқа шағын шығармаларға қойылған атаулармен таныстырудың, олардың неліктен солай деп аталғандығын түсіндірудің мәні зор.

Оқушыларды шығарманың жоспарын жасауға дағдыландыруда жинақтағы үлгі есебінде берілген жоспарды немесе мұғалімнің өзі құрастырған жоспарын оқушыларға тақтадан көшірте салу, яки бұл шығарманың жоспары мынадай болуға тиіс деп үнемі айтып беріп отыру дұрыс болмайды.

Олай болса, оқушылардың шығарманың жоспарын жасауға үйрету алғашқы кезде мұғалімнің тікелей басшылығымен және сыныптағы оқушыларды толық қатыстыра отырып, бірлесіп жоспар құрастырудан

бастаған жөн. Ол үшін мұғалім мәтін мазмұнына қарай сыныпқа сұрақ беріп, бірнеше оқушыдан жауап алады, солардың ішіндегі ең дәл, тұжырымды айтылғанын тақтаға жазып қояды немесе оқушыларға айтып беріп жаздырады.

Әдетте, оқушыларды мазмұндау жоспарын өз бетінше жасай білуге үйретуде, жеңіл материал алып, оның мазмұндау жоспарын сұраулы сөйлеммен құрастырудан бастаған жөн. Бірте-бірте күрделірек мәтін алынып (суреттеу элементтері аралас), оны жоспарлауды сөйлемнің әр түрімен, яғни хабарлы, сұраулы түрлерін араластыра қарастыру қажет.

V—IX сыныптардың қай-қайсысында болса да мәтінді мазмұндау жоспарының екі түрі де (жай және күрделі жоспарлар) аралас не қатар жүргізіліп отырылады.

Жай жоспарда мәтінде баяндалатын негізгі оқиғалар мен суреттемелерді ғана алып, соған сұрақ беру немесе сол оқиға мен суреттемеге ат қою түрінде жоспар жасалады.

Ал күрделі жоспарда алдымен негізгі оқиғалар, суреттемелер алынып, одан кейін оларды ішкі мазмұнына қарай ұсақтап, бөлшектейді. Алдымен негізгі мәселеге атау беріліп, одан соң соның ұсақ бөліктеріне ат қойылады. Сөйтіп, бір мәтіннің өзі алдымен бірнеше негізгі бөліктерге бөлінеді де, соңынан ол әлденеше тармақтарға жіктеледі. Жоспарлаудың бұл түрінде мәтін мазмұнынан қалып қоятын бірде-бір әсерлі суреттемелер мен негізгі оқиғалар болмайды. Мәтіннің мазмұнын оқушылар естерінде толық сақтайды, оқушы мазмұндауы мәтінге тіпті жақын болады. Бұл — ауызша, жазбаша, тіл дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып есептелінеді. Жинақта жоспар жасаудың бұл екі түрінің де үлгілері берілді.

Бұл жинақтағы мәтіндері әрбір сыныпқа әр түрлі көлемде, жарты беттен үш бетке дейінгі мөлшерде ұсынылады. V—IX сыныптардың қай-қайсысында болсын жүргізілетін жұмыс түрлеріне және мәтіннің мазмұндық ерекшелігіне қарай оның көлемі де өзгеріп отыруы керек. Демек, қысқаша түрде мазмұндау үшін берілетін мәтін көлемдірек болуы керек те, мәтіннің

ізімен автор сөзіне жақындата мазмұндау үшін берілетін мәтін шағындау болу керек. Сондай-ақ оқушылар мазмұндама жазу жұмысына біраз жаттығып төселгенше, мазмұны тартымды, тілі жеңіл, көлемі де шағындау мәтіндер беріп, оқушылар жаттыға келе жоғарыдағы аталғандардан күрделірек мәтіндер ұсынып, мәтіннің көлемін де бірте-бірте кеңейтіп отыру керек. Бұл принцип әрбір мәтіннің соңында берілген тапсырмаларда, мүмкіндігінше, көрсетіліп отырылады.

Мектеп тәжірибелерінде, тіпті VI—VII сыныптарға мазмұндау үшін, көлемі тым шағын мәтіндер беріліп, оның өзін мұғалім 2-3 рет қайыра оқып бергеннен кейін, оқушылар мәтінді сөзбе-сөз естеріне ұстап қалу, мәтінді оқушылар өз сөздерімен мазмұндаудың орнына дайын фразаларды «көшіріп» бере салушылық жиі ұшырайды. Мұндайда бірсыпыра оқушылар мәтіндегі ұмытып қалған кейбір сөйлемдерді екінші сөйлеммен дұрыс жалғастыра алмай, оларды бір-біріне ешбір байланыссыз тіркей салуға мәжбүр болады. Сондықтан мазмұндама жаздырту жұмысының алғашқы сатысында, берілген мәтінді жазуға кіріспестен бұрын, белгілі бір дәрежеде дайындық жұмыстарын, атап айтқанда, сұрақтарға жауап қайтару, мәтінді бірер оқушыға ауызша мазмұндату, мәтінде кездескен түсініксіз сөздер мен фразалардың мағынасын ашу, берілген тақырыпқа ұқсас, яки соған байланысты басқа да шығармалардан, газет, журналдардан оқушылардың алған мәліметтері бойынша және шығарманың жоспарын жасауға байланысты әңгімелер өткізу, т. б. жұмыс түрлерін жүргізіп отыру керек. Бұл аталғандар оқушылардың өздігінен сөйлем құрай білуге, өзі білетін сөздік қорын дұрыс пайдалануға, сондай-ақ мәтіннің идеялық мәні мен мазмұнын тереңірек түсінуге баулиды. Сонымен бірге мазмұндау жұмыстарының сапасын арттырады.

VII класс үшін берілген материалдың ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарға сәйкес суреттеу түріндегі шығармалар көбірек орын алды. Бұған қарай, осы сыныпта жүргізілетін жазу жұмыстарын тек жинақта берілген материалдармен ғана шектеп қоюға болмайды. Оқушыларға жыл

мезгілдеріне байланысты табиғаттың әр түрлі құбылыстарын, жануарлар тіршілігін, адам өмірін, сынып бөлмелерін, мектеп, қабілет суреттерін, өздеріне таныс бау-бақша, өзен, көл суреттерін, т. б. жағдайларды бақылай жүріп, зерттеген объектісін суреттеп жазып келу үшін тапсырмалар (мұндай жұмыстарды үйде де, сыныпта да істеуге болады) беріп отыру керек. Бұл сияқты жұмыс түрлері, біріншіден, оқушылардың байқағыштық қабілетін арттыратын болса, екіншіден, кітаптан алған мәліметтерін өздері зерттеп, бақылаған объектісін суреттеуде қалай пайдалану керектігіне үйретіп, дағдыландырады, үшіншіден, шығарма жаза білуге жаттықтырады.

Бұл сыныпта оқушылар суреттеу түрінде жазуға біраз жаттыға, төселе келе, әдеби кейіпкерлерге мінездеме беру түрінде жазылатын жұмыстарға (мазмұндама, шығарма) бірте-бірте көше бастау керек. Әрине, VII сынып оқушыларынан жан-жақты мінездеме беру жұмыстарын күтуге болмайды, бұл сыныпта оқушылар кейіпкерлердің сырт пішінін (портретін), мінез-құлқын, сол кейіпкердің басқа адамдармен қарым-қатынасын, басқалардан өзгешелік кейпін көрсетуге берсе де болады.

Ал VIII және IX сыныптарда ол жұмыс тереңдей түсу керек. Бұл сыныптарда жеке әдеби кейіпкерлерге мінездеме берумен қатар, бірнеше кейіпкерге салыстырмалы мінездеме беруге де елеулі орын алуға тиіс.

V—IX сыныптардың қай-қайсысында болсын әдеби кейіпкерлерге жай және салыстырмалы мінездеме беру түрінде жазылатын жұмыстардың баспалдағында мұғалім тікелей басшылық етіп, шығарманың күрделі яки жай жоспарын жасап, көмектесіп отыруы керек.

Мәтінді тұтас мазмұндау, қысқаша мазмұндау бұл сыныптарда жүргізілетін жазу жұмыстарының елеулі және мазмұнды түрінің бірі болып табылады. Бұл арқылы оқушылар шығармадағы негізгі мәселелер мен екінші қатардағы мәселелердің айырмашылықтарын, оқиғаның себебі мен салдарын, сондай-ақ шығарманың композициялық құрылысын талдап, айыра білуге жаттығады. Сонымен бірге олар өз ойындағысын тұжырымдап, жинақтап жаза білуге дағдыланады.

## **2. ТАРАУ.**

### **2.1. Жазба жұмыстар жүйесіндегі шығарманың алатын орны**

Қазіргі таңда оқытылатын пәндер балалардың болашағы, таңдайтын мамандығына қарай бағытталуда, яғни мақсаты білім беру ісіне ерекше назар аударылуда. Жеке тұлға, дарынды шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр. Кәсіпке дайындау, мақсатты білім беру – жеке тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселелер. «Осы шығарма жазу неге керек?» «Қалайда жаздыру керек пе?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Шығарма дегеніміз – оқушылардың тілдік және әдебиеттік білімдері мен өзінің таным, түйсік, көзқарасының тәжірибелеріне сүйене отырып өз ойын жүйелі, әдеби тіл қалыбында бере білуге машықтандыратын жазбаша тәжірибелік жұмыстың бірі. Қазақ әдебиеті пәндерінен шығарма жаздырудың мақсаты мен міндеті осы мазмұннан туындамақ.

1. Шығармадан баланың тілдік мәдениеті, сөздік қоры, теориялық білімі, әдеби ұғым - түсінігі, жазуға икемі мен ойлау деңгейі байқалады.
2. Шығарма – оқушының жеке тұлға ретінде өзін көрсете алуының белгісі, дағдылы жұмыстың көрінісі. Оқушының ауызша сөз саптауын қалыптастыруды біз қиын дейміз, ал ойын жазбаша түсіруге қалыптастыру одан да қиын. Олай болса, бұл – жүйелі түрде жүріп отыратын ұзақ үдерістің түпкі нәтижесі.

Нәтиже қай жұмыста да нәтижелілігімен бағалы. Алдындағы оқушысы ақ қағазға өз ойын, көзқарасын, пікірталасында туған шешімін түсіріп, тіпті өзіндік стиль айшығын танытып жатса, мұғалім жұмысының шынымен нәтижесі болғаны ғой. Жас ұрпаққа білім беруде олардың пәнге деген көзқарасын қалыптастыру үлкен рөл атқарады. Шығарма жазу үшін және оған жоспар құру әдістері оқушылардың ой - қабілеттерін арттыра түсетіні белгілі. Әдебиет сабағынан шығарма жазу - әдебиетті оқыту процесінің сапаға айналған нәтижесі болып табылады. Мұғалімнің педагогтік

шеберлігі еңбегін айқындайтын, оқушының әдебиеттік ұғымын, білімін байқайтын, сынайтын көрсеткіш.

Мектепте шығарма жазуды 7 - 8 - сыныптарда бастаған жөн деп ойлаймын. Біз көбінесе 10 - 11 - сыныптарда шығарма жазуға үйрете бастаймыз. Сондықтан оқушылар шығарма жазуда көптеген қиындықтарға кездеседі. Оқушылар арасында әлі де шығарма жазып, жоспар құра алмайтын, өз ойын жеткізе білмейтін, ора шолалары жиі кездесіп отырады. Осындай кемшіліктерді мектеп бітіруші оқушылардың жазған шығармаларынан жиі байқаймыз. Қазіргі уақытта жазу жұмысына қойылатын талаптар күшейді. Мектеп бітіретін оқушылар кәсіптік аттестат алу үшін жазатын шығарма жұмысына берілген нұсқауда былай делінген:

«Емтихандық жазба жұмыс – мектеп оқулығын немесе белгілі бір библиографиялық - сын мақаланы қайталап, болмаса мұғалімнің ой пікірін өңін айналдырып жазып беру емес. Оқушының көркем әдебиетті оқығанда алған әсерін, жазушының өмірімен, шығармашылық жолымен танысқанда білген, жалпы әдебиет пәнін оқуда көңіліне түйген, таныған, өзіндік ойлары мен сезімін дұрыс жазып беруін талап ететін уақыт жетті. Емтихандық шығарма сапалы болумен қатар, онда әңгіме етіліп отырған мәселені терең түсіндіру арқылы эмоционалдық жақтан айқын да анық баяндалуы және нақты пікірі әдеби көркем тілмен берілуі қажет» делінген.

Әрине, мұндай талапты орындап шығу – бір күннің немесе бір айдың, бір жылдың ісі емес, бүкіл орта мектеп көлемінде алған білімнің ұзақ мерзімде қол жеткен нәтижесі болу керек. Емтихан уақытында оқушылардың шығарма жазуда жіберетін, жиі кездесетін шығарманы қалай бастау керек екенін білмеу, бірінші бетті бастағанда алдымен жоспар, одан кейін тақырыпты жазу сияқты кемшіліктерді болдырмас үшін шығарманы қалай жазу туралы арнайы нұсқауды негізге алу жөн.

Онда былай делінген:

1) Бірінші беттің ортасына жұмыс иесінің аты - жөні жазылады.

- 2) Екінші бетке екі жол төменірек ашық және айқын етіп тақырып жазылады. Егер тақырып үзінді болып келсе, онда оның астына автордың аты жазылады.
- 3) Тақырыптан екі жол төменірек шығарманың жоспары жазылады.

Мектептегі шығарма жұмысы оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда игі ықпал ететіні сөзсіз. Олай болса шығарманың негізгі мақсаты – осы. Мектепте шығарма жазу жұмысының қай түрі болса да өте күрделі ой еңбегі, шығармашылық іс. Оқушының ақыл - ой қабілетін дамытып, белсенділігін арттыруда шығарма жұмысы орасан зор міндет атқарады. Сондықтан мұндай күрделі ақыл - ой еңбегін «шығармашылық» немесе «шығармашылық емес» деп атау ыңғайсыз.

Шығарманың өзін бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Оқушының өз тәжірибесіне, алған әсеріне байланысты.
2. Еркін тақырыпқа жазылған шығарма.
3. Әдеби тақырыпқа жазылған шығарма.

Сонда оқушының өмірден көрген, бақылаған өз тәжірибесі, өз өміріне байланысты, осы негізде жазған шығармалары бірыңғай жүйеленеді.

Шығармашылық талапты орындау, оқушының алған тақырыпты толық меңгеріп, оған қажетті материалдарды саралап, тақырыпқа тікелей байланысы жоқ жанама мәселелерден аулақ болу жазу жұмысының тиімділігін арттырудың айғағы екенін мектеп тәжірибелерінен көруге болады. Жоғары сыныптағы шығарма жұмыстарының шығармашылық толғаныспен жазылуы үшін ең алдымен жазу жұмысының теориялық негіздерін білу шарт. Сондықтан шығарманың құрылысына назар аударғанымына сызба жүйені есте сақтау керек:

1. Әңгіме түріндегі шығармалардың сызбасы

I. Кіріспе (экспозиция)

II. Негізгі бөлім: а) оқиғаның байланысы

ә) оқиға шиеленісінің жеткен жері

б) шешілуі

III. Қорытынды (эпилог)

## 2. Талдау түріндегі шығармалардың сызбасы

I. Кіріспе (тақырыпқа жүктелетін міндет)

II. Негізгі бөлім: а) Тақырып көтерген мәселе

в) Ұсынылған дәлелдер

с) Дәйексөз түріндегі мысалдар

д) Өзіндік ойлар

III. Қорытынды (эпилог)

Әрине, оқушы шығармасында осы схеманы орындау мүмкін емес.

Бірақ шығарманы талдай білу үшін осы жолдарды білу қажет деп ойлаймын.

Шығарма жазу үшін оқушы мынаны білген жөн:

1. Шығарманың тақырыбын әбден ойлап алып жазу керек.
2. Жоспар тақырыпқа сай, нақты жасалынуы тиіс.
3. Эпиграф тақырып пен негізгі идеяны ашуға сәйкес алынуы керек.
4. Тақырыпқа байланысты материалды іріктеген кезде ең негізгісін алу қажет.
5. Шығарманың реті мен жүйесін сақтау және тақырыптан ауытқымау керек.
6. Айтатын негізгі пікірлері шығарманың негізгі бөлімінде болатынын есте сақтау керек.
7. Келтірілетін мысалдар, салыстырулар негізгі пікірге байланысты болу керек.
8. Қорытынды ой негізгі пікірлердің төңірегінде жазылуы және айтылатын ой айқын, сөйлем орамды, түсінікті болуы қажет.
9. Әр сөйлемді дәптерге жазар алдында стильдік қате жібермеуді ойлау керек.
10. Ұмытып кетпес үшін байқаған емлесілік қателер мен тыныс белгілерін бірден қойып, сауатты жазуға, дәптердің сыртқы көрінісіне мән беру керек.

Міне, осы талаптарды мұғалім оқушы шығарма жазар алдында үнемі ескеруі керек. Қазіргі кезде мектептегі тәжірибеге қарасақ, оқушылардың шығарма жұмысын тексерудің екі түрі бар.

1. Оқушы шығармасындағы кемшіліктерді мұғалім өзі түзетеді.

## 2. Мұғалімнің басшылығымен оқушының өзіне тексерту.

Күнделікті тәжірибеден қарап отырсақ мұғалімдер қазір осы екі жолды қатар пайдаланады. Шығарма жұмысын тексеру кезіндегі олқылықтар емтихан кезінде өте жиі кездеседі. Шығарма жұмысын тексергенде кателердің түрі шартты белгілер арқылы көрсету дұрыс деп ойлаймын. Мұның өзіндік жүйесі бар.

/ - Емле қатесі белгіленеді.

V – Тыныс белгісінен кеткен қате.

Z – Абзац керек деген белгі.

Z – Артық қойылған абзац.

? – күмәнді, екі ұшты, осы сөйлемді ойлан деген белгі.

?! – Пікірді немесе фактіні бұрмалаудан кеткен кемшілік.

! – Осы жерге ерекше көңіл аудар.

- Сөз қалдырып кетсе, түсініксіз сөйлемдерді белгілейді.

- Стыльдік жағынан дұрыс құрылмаған, жөндеп жаз деген белгі.

- Ауыстыруды керек ететін, бірнеше қайталанған сөздер мен сөйлемдер.

Әрине, осы белгілерді қойып, оқушының дәптерін қайтаруға болмайды, мұғалім осы шығарма жөнінде рецензия жазып қайтарса, бұл белгілердің оқушыға беретін әсері өте мол. Сондықтан шығармадағы кемшіліктерді жою үшін, оқушылардың осы шартты белгілерді білгені дұрыс болар еді. Сонда ол оқушының ойында мәңгі қалады деп ойлаймын. Бұл шартты белгілер де мұғалімге өте қолайлы. Себебі ол мұғалімнің уақытын үнемдейді. Шығармадағы кемшіліктерді жазып көрсеткеннен шартты белгіні қоя салу мұғалім үшін де жеңіл. Енді осы шығарманы мұғалім тексергенде нені еске алу керектігіне назар аударайықшы.

### 1. Дәптердің сыртқы көрінісіне назар аудару керек.

а) тазалығы

ә) әріптердің дұрыстығы

### 2. Логикалық жағынан

а) тақырып пен идеяның ашылуын;

ә) пікірдің молдығын;

б) дәлелдің дұрыстығы;

3. Пікірдің жүйелігі

а) жоспардың жүзеге асуы;

ә) әрбір бөлімнің мөлшері

4. Грамматикалық сауаттылығы

а) емлелік жағынан

ә) синтаксистік жағынан

5. Стилi

а) сөйлемдердің дұрыстығы

ә) көркемдігі

Міне, осы қатемен жұмысты да үнемі оқушыларға ескертіп отырған жөн. Осы айтылғандарды басшылыққа алғанда шығарма жұмысы ойдағыдай болады. Жүйелі алынған білім оқушының да, мұғалімнің де үздіксіз еңбегін көрсетеді.

Енді осы жұмысқа баланы қалай дайындап әкелу керек?

Алдымен оқушы сабаққа қызығу керек. Әсіресе әдебиет сабағының кіріспе және қорытынды кезінде оқушы белсенділігі басымырақ болатын жұмыстар ұйымдастырған жөн.

1. Баланы жұмбақ, ребус шешуге үйрету керек, оның да өзіндік құпия кілті бар жұмыс.

2. Бір дыбыстан басталатын сөздерден тұратын сөйлемдер жасырын беруге болады.

3. Шағын әңгімеден мазмұнды, идеяны, тақырыпты таптыру, ойланту.

4. Кейіпкер туралы ой қозғау, өзіндік пікірін қалыптастыру, өз көзқарасын айқындауға, қорғай білуге үйрету арқылы жазу жұмысына төселдіруге болады. Дегенмен мынаны да ескерген жөн. Әуелі баланы мазмұндама жазуға үйрету керек.

- Кей бала тыңдаған мазмұныны сол күйінде қағазға түсіре алады.

- Кей бала мазмұнды тұтас бере алмайды, жекелеген бөлімдерін нақты, әдемі береді, ал кейбір жерлерін аттата, шалағайлау жазуы мүмкін.

- Кей бала тіпті мазмұнды есіне сақтай алмайды, не жүйелі жеткізе алмайды, не сөйлем құрай алмайды.

- Кейбір бала мазмұндаманың өзін түрлендіре, әсерлендіре, тіпті кейде өз ойын, пікірін қосып та жазуы мүмкін. Міне, бұл – шығарма жаза аларлық қабілетін танытқан бала. Енді сіздің жұмысыңыз екі түрлі бағыт алады.

1) жаза алмайтын баланы жаза білуге жеткізу;

2) жақсы жазатын баланы әңгімелеуге, шағын мәтін құрастыруға, шығармаға пікір жазуға баулу;

Мазмұнын білген бала өз бетінше әңгіме құрай алады. Әңгіме жазған бала шығарма жаза алады деген сөз. Енді баланы шығармаға қалай дайындау керекпіз?

Шығармаға дайындау:

1. Сөз үйрету

\*Сөздің мағынасын білдіру

\*Сөздерді тандай білу

\*Әр шығарманың әр бөліміне лайықты сөздер қолданысын меңгеру

2. Ой тастау

\*Сөзден идея тудыру

\*Идеяны түсіндіру

\*Идея мен тақырып байланысын білу

Шығармаға қойылар талап әр түрлі, тіпті көп болуы мүмкін, бірақ мақсат – біреу: негізгі тақырып не, соны басты тақырып ету керек. Жоспарлау соның айналасында ғана болу керек.

Жоспар – шығарма айнасы. Тақырыпқа сай жоспар құру, жоспарға сәйкес шығарма жаза білу, жоспарда көрсетілген тақырыпшаларды аша білу – оқушыларға үлкен сын. Кейде оқушылардың жоспары тақырыпты мүлде ашпайды, оған еш қатысы жоқ болып шығады. Кей жағдайда шығармаларының мазмұны жоспарға мүлде қатыссыз болып шығады.

Тақырып, жоспар, шығарма – бұл үшеуі бірімен - бірге біріктіріліп тұратын өзектес мәселелер. Оқушыларға мазмұндамадан гөрі шығарма жазып үйрету шәкірттеріміздің өзінше еңбек етіп, еркінше талаптануына, өз пікірін, ойын сарапқа салуына әсерін тигізері сөзсіз. «Талаптыға нұр жауар» деген халқымыз, өзінше талаптанғысы келген әрбір шәкірттерімізге жол - жоба, бағыт беру, ұшқыр қиялдарымен биікке самғай беруіне тілектес болып қалу әрбір ұстаздың борышы болғандықтан жұмысымызды осы абыройлы міндет тұрғысынан көрсетуді мақсат тұтып келеміз.

#### Жазба жұмыстарын үйрету жолдары

Әдебиет сабағынан шығарма жазу - әдебиетті оқыту процесінің сапаға айналған нәтижесі болып табылады. Мұғалімнің педагогтік шеберлігі мен еңбегін айқындайтын, оқушының әдебиеттік ұғымын, білімін байқайтын, сынайтын көрсеткіш.

Оқушылар арасында әлі де шығарма жазып, жоспар құра алмайтын, өз ойын жеткізе білмейтін, тіл орашолақтары жиі кездесіп отырады. Осындай кемшіліктерді мектеп бітіруші оқушылардың жазған шығармаларынан жиі байқаймыз. Қазіргі уақытта жазу жұмысына қойылатын талаптар күшейді. Мектеп бітіретін оқушылар кәметтік аттестат алу үшін жазатын шығарма жұмысына берілген нұсқауда былай делінген:

“Емтихандық жазба жұмыс – мектеп оқулығын немесе белгілі бір библиография-лық-сын мақаланы қайталап, болмаса мұғалімнің ой-пікірін өңін айналдырып жазып беру емес. Оқушының көркем әдебиетті оқығанда алған әсерін, жазушының өмірімен, шығармашылық жолымен танысқанда білген, жалпы әдебиет пәнін оқуда көңіліне түйген, таныған, өзіндік ойлары мен сезімін дұрыс жазып беруін талап ететін уақыт жетті. Емтихандық шығарма сапалы болумен қатар, онда әңгіме етіліп отырған мәселені терең түсіндіру арқылы эмоционалдық жақтан айқын да анық баяндалуы және нақты пікірі әдеби көркем тілмен берілуі қажет”.

Әрине, мұндай талапты орындап шығу – бір күннің немесе бір айдың, бір жылдың ісі емес, бүкіл орта мектеп көлемінде алған білімнің ұзақ мерзімде қол жеткен нәтижесі болу керек. Емтихан уақытында оқушылардың шығарма жазуда жіберетін, жиі кездесетін шығарманы қалай бастау керек екенін білмеу, бірінші бетті бастағанда алдымен жоспар одан кейін тақырыпты жазу сияқты кемшіліктерді болдырмас үшін шығарманы қалай жазу туралы арнайы нұсқауды негізге алу жөн.

Онда былай делінген:

Бірінші беттің ортасына жұмыс иесінің аты-жөні жазылады.

Екінші бетке екі жол төменірек ашық және айқын етіп тақырып жазылады.

Егер тақырып үзінді болып келсе, онда оның астына автордың аты жазылады.

Тақырыптан екі жол төменірек шығарманың жоспары жазылады.

Мектептегі шығарма жұмысы оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда игі ықпал ететіні сөзсіз. Олай болса шығарманың негізгі мақсаты – осы. Мектепте шығарма жазу жұмысының қай түрі болса да өте күрделі ой еңбегі, шығармашылық іс. Оқушының ақыл-ой қабілетін дамытып, белсенділігін арттыруда шығарма жұмысы орасан зор міндет атқарады.

Шығарманың өзін бірнеше топқа бөлуге болады:

Оқушының өз тәжірибесіне, алған әсеріне байланысты.

Еркін тақырыпқа жазылған шығарма.

Әдеби тақырыпқа жазылған шығарма.

Сонда оқушының өмірден көрген, бақылаған өз тәжірибесі, өз өміріне байланысты, осы негізде жазған шығармалары бірыңғай жүйеленеді.

Шығармашылық талапты орындау, оқушының алған тақырыпты толық меңгеріп, оған қажетті материалдарды саралап, тақырыпқа тікелей байланысы жоқ жанама мәселелерден аулақ болу жазу жұмысының тиімділігін арттырудың айғағы екенін мектеп тәжірибелерінен көруге болады. Жоғары сыныптағы шығарма жұмыстарының шығармашылық толғаныспен жазылуы үшін ең алдымен жазу жұмысының теориялық

негіздерін білу шарт. Сондықтан шығарманың құрылысына назар аударғанда мына схемалық жүйені есте сақтау керек:

Әңгіме түріндегі шығармалардың схемасы.

Кіріспе (экспозиция)

Негізгі бөлім

- а) оқиғаның байланысы
- ә) оқиға шиеленісінің жеткен жері
- б) шешілуі

Қорытынды (эпилог)

Талдау түріндегі шығармалардың схемасы.

Кіріспе (тақырыпқа жүктелетін міндет)

Негізгі бөлім

- а) тақырып көтерген мәселе
- ә) ұсынылған дәлелдер
- б) цитата түріндегі мысалдар
- в) өзіндік ойлар

Қорытынды

Әрине, оқушы шығармасында осы схеманы орындау мүмкін емес.

Бірақ шығарманы талдай білу үшін осы жолдарды білу қажет деп ойлаймын.

Шығарма жазу үшін оқушы мынаны білген жөн:

Шығарманың тақырыбын әбден ойлап алып жазу керек.

Жоспар тақырыпқа сай, нақты жасалуы тиіс.

Эпиграф тақырып пен негізгі идеяны ашуға сәйкес алынуы керек.

Тақырыпқа байланысты материалды іріктеген кезде ең негізгісін алу қажет. Шығарманың реті мен жүйесін сақтау және тақырыптан ауытқымау керек. Айтатын негізгі пікірлері шығарманың негізгі бөлімінде болатынын есте сақтау қажет.

Келтірілетін мысалдар, салыстырулар негізгі пікірге байланысты болу керек.

Қорытынды ой негізгі пікірлердің төңірегінде жазылуы және айтылатын ой айқын, сөйлем орамды, түсінікті болуы қажет.

Әр сөйлемді дәптерге жазар алдында стильдік қате жібермеуді ойлау керек.

Ұмытып кетпес үшін байқаған емлелік қателер мен тыныс белгілерін бірден қойып, сауатты жазуға, дәптердің сыртқы көрінісіне мән беру керек.

Міне, осы талаптарды мұғалім оқушы шығарма жазар алдында үнемі ескеруі қажет.

Қазіргі кезде мектептегі тәжірибеге қарасақ, оқушылардың шығарма жұмысын тексерудің екі түрі бар:

Оқушы шығармасындағы кемшіліктерді мұғалім өзі түзетеді. Мұғалімнің басшылығымен оқушының өзіне тексерту.

Күнделікті тәжірибеден қарап отырсақ мұғалімдер осы екі жолды қатар пайдаланады. Шығарма жұмысына тексеру кезіндегі олқылықтар емтихан кезінде өте жиі кездеседі.

Шығарма жұмысын тексергенде қателерді түрлі шартты белгілер арқылы көрсету дұрыс. Мұның өзіндік бір жүйесі бар.

/ - Емле қатесі белгіленеді.

V - тыныс белгісінен кеткен қате.

Z – абзац керек деген белгі.

Z – артық қойылған абзац.

? – дұдамал, екіұшты, осы сөйлемді ойлан деген белгі.

?! – пікірді немесе фактіні бұрмалаудан кеткен кемшілік.

! – осы жерге ерекше көңіл аудар.

~~~ - ауыстыруды керек ететін, бірнеше қайталанған сөздер мен сөйлемдер.

- стильдік жағынан дұрыс құрылмаған, жөндеп жаз деген белгі.

\*\*\* - сөз қалдырып кетсе, түсініксіз сөйлемдерді белгілейді.

Енді осы шығарманы мұғалім тексергенде нені еске алу керектігіне назар аударайық:

## 1. Дәптердің сыртқы көрінісі

а) тазалығы

ә) әріптердің дұрыстығы

### Логикалық жағы

а) тақырып пен идеяның ашылуы

ә) пікірдің молдығы

б) дәлелдің дұрыстығы

### Пікірдің жүйелілігі

а) жоспардың жүзеге асуы

ә) әрбір бөлімнің мөлшері

### Грамматикалық сауаттылығы.

а) емлесі жағынан

ә) синтаксистік жағынан

### Стилі

а) сөйлемдердің дұрыстығы

ә) көркемдігі

Міне, осы қатемен жұмысты да үнемі оқушыларға ескертіп отырған жөн. Осы айтылғандарды басшылыққа алғанда шығарма жұмысы ойдағыдай болады.

Жалпы жазба жұмыстары тіл дамытумен қатар, балаларды ойлай білуге, ізденіске жетелейді. 5-7 сыныптардағы жазба жұмыстарының ең ауқымдысы – мазмұндама. Мазмұндама мынадай бірнеше түрге бөлінеді:

а) Мәтінге жуық жазылатын мазмұндама. Мұнда оқиға эпизод, диалог, монолог, баяндау, суреттеу сияқты элементтер сақталынып жазылады.

ә) Ең басты оқиғаларды ғана теріп жазатын мазмұндама.

б) Бір оқиғаның айналасында ғана жазылатын мазмұндама.

в) шығармашылық бағыттағы мазмұндама.

Мазмұндаманың түрлері мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатына байланысты өзгеріп отырады.

Шығармашылық бағыттағы мазмұндамаларды 8-9-сыныптарда да жүргізу тиімді. Әсіресе, шешендік қақтығыстар. Сырым, Қазыбек би, жыраулар мұраларына байланысты мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама күрделі болып келеді, себебі, олардан шешендік сөздердің дәнін сақтау, сұлбасын нақты беру талап етіледі.

Жоспар жасауға дағдыландыру, әсіресе, 5-7 сыныптарда күрделі де маңызды мәселе. Оған үйретудің тиімді деген әдіс-тәсілдерінен мұғалім де үзбей үйренуі керек. Көркем мәтінді оқу, мазмұнын меңгерту кезінде мұғалім ең басты мәселелерді бөліп алып, оқушы назарын үнемі соған аудартып отыру керек. Оған қысқа, тұжырымды тақырып қойып, тақтаға, не дәптерлеріне қолма-қол жаздырып отырады.

2. Негізгі, маңызды мәселелер баяндалатын абзацтарға көңіл бөліп, оған ат қойғызады.

3. Эпизодтарға бөлгізеді. Композициялық құрылысын анықтатады (байланыс, шарықтау шегі деген сияқты).

4. Оқиғаларды рет-ретімен жүйелеп, сол бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатады.

5. Шығарманы оқу, талдау алдында оның ең негізгі түйінді дәні жазылған («Нені білу керек?» деген атпен жазуға болады) көмекші-нұсқауды кесте-плакатқа іліп қою тиімді. Себебі, жоспар жасауда оқушы оны басшылыққа алады.

Шығарма жазба жұмыстарының ең күрделісі. Шығармаға дайындық тіл дамыту жұмыстарында жүргізіледі. 5 сыныптан бастап шығарма жаздыруға дағдыландырады. Жазу дағдыларын қалыптастыру біртіндеп әдісі бойынша дамып, күрделеніп отырады. 5-7 сыныптарда жай, 8-9 сыныптарда күрделі, 10-11 сыныптарда сыр, ой-толғау проблемалы шығармаларды жаздырады.

Шығармаға қойылатын негізгі талаптар: Өмірден көргенін көкірекке түйе біліп, қорытынды жасау; көркем туындыдан алған өнегесін өмірмен, өз

ой-пікірімен ұштастыра білу; тақырыптың идеясын ашу, дәйектемелерді (қанатты сөздер, мақал-мәтелдер) орынды үйлестіру; шәкірттердің жазба жұмыстарына психологиялық әзірлігі.

Шығарма мазмұнына қарай: әдеби тақырыпқа байланысты; шығармашылық әңгіме; пейзаждық ой-толғау; инсценировка; поэзия негізінде; прозалық жанрға жазылатын шығармалар болып бөлінеді.

Шығарманың түріне байланысты ақындардың шумақтарын; эпиграфтарды орынды пайдалану; жоспарын жасай білу; сол жоспарға сай баяндау, хабарлау, суреттеу, мінездеу әдістерін үйрену; халықтық педагогикалық тәрбие мәнін ашу; шығарманың кіріспесі мен негізгі, қорытынды бөлімдерінің арасындағы байланысты қиюластыру; тақырыпқа, идеяға өз көзқарасын, пайымын ашық үйлесімді жазу.

Шығарма тақырыбы өтілген материалдарды қорытындылап, талдап бере алатындай дәрежеде алынады. Шығарманың мәтіні, тақырыптың тарихы, теориясы, даналық көзқарасы – тақырыпты ашуда, оны талдауда оқушының саналы түсінуіне жол ашады. Шығарманың жоспары тақырыптан нені жазу керек екеніне жол көрсетеді. К. Медеубаеваның «шығарма тақырыптарына жоспар құру үлгісі» мақаласында: Даналық мәйегі (мақал-мәтелдер).

Кіріспе бөлімі.

Мақал-мәтелдер – халықтық мұра, ұлттық өнеге мектебі.

Негізгі бөлімі:

- а) Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.
- ә) Мақал-мәтелдегі еңбек туралы өзекті ой.
- б) Ерлікті дәріптеу, батырлықты марапаттау жайлы халық даналығы.
- в) Өнер, оқу-білімнің халық педагогикасындағы көрінісі.

Қорытынды бөлімі.

Мақал-мәтелдердің сөйлеу мәдениетіндегі маңызы.

Мақал – сөздің мәйегі, ойдың дәйегі, халық даналығы.

Жамбыл Жабаев шығармаларындағы патриотизм

Кіріспе бөлімі.

... Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай...

Негізгі бөлімі:

- а) Жамбыл қазақ жырының алып бәйтерегі.
- ә) Жамбыл Жабаевтың тарихи дастандарындағы патриотизм.
- б) Ұлт-азаттық тақырыбы жырларындағы азаматтық сарын.
- в) Отанды сүю, Жамбыл өлеңдеріндегі негізгі идея.

Қорытынды бөлімі.

Өлең сөздің Жамбылы. М. Әуезов. (149)

Мазмұндама мәтіні оқытудың білімдік, тәрбиелік міндеттеріне сай, мазмұны мен тілі оқушыларға түсінікті болуы тиіс. Мазмұндамаға әдебиет бағдарламасында көрсетілген көркем шығармалардан да, бағдарламадан тыс текстер де алынады. Мазмұндама мәтінін мына көлемде алады: 5 с. – 150-200 с., 6 с. – 200-250 с., 7 с. – 250-350 с., 8 с. – 350-450 сөзден аспауы тиіс.

Мазмұндаманы бағалау нормативі: «5» деген баға: а) мәтіні толық, желісі сақталып баяндалған, мазмұны дұрыс ұғынылған, нақты материалды баяндауында қате жоқ; «4» деген баға: а) мазмұны дұрыс ашылған, оқиғаның желісі сақталған; ә) тілі жатық, сөйлем құруы мен сөз қолданысында бір-екі олақтығы бар; «3» деген баға: а) мазмұны негізінде дұрыс берілген, оқиғаны баяндауында 1-2 дәлелсіздік бар; емле қатесі бестен, тыныс белгісі қатесі алтыдан аспаған, үш емле қатесі, сегіз тыныс белгісі қатесі бар. «2» деген баға: а) мазмұны жеткілікті толық берілмеген, мәтіннен ауытқыған, нақты материалды баяндау желісінде кемшіліктері бар; б) емле мен тыныс белгі қателері он төртке жетеді. «1» деген баға: мазмұнын баяндап бере алмаған, сөздерді талдап қолдануы мен сөйлемдерді құрастырып жазуында алтыдан артық қатесі бар, орфографиялық, пунктуациялық қатесі 14-тен асқанда қойылады.

## 2.2. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытудағы мазмұндаманың түрлері

Көркем мәтінді меңгертуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі – мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылғандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін сөздер мен сөйлемдерді бірі-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынандай түрлерін жүргізуге болады:

Дайын мәтін бойынша мазмұндама.

Сурет бойынша мазмұндама.

Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

Дайын мәтін бойынша мазмұндама. Дайын мәтін бойынша мазмұндаманың өзін бірнеше түрге бөлуге болады:

Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау.

Мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, бірақ баяндалу формасын өзгертіп баяндау.

Қысқарта баяндау.

Толықтырып мазмұндау.

Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау. Мазмұндаманың бұл түрінде мәтіннің мазмұны бүтіндей қайталанбағанмен, түгелге жуық меңгеріледі. Мәтіндегі сөз тіркесі, сөйлемдер сөзбе-сөз қайталанбауы мүмкін, алайда кейбір жаңа сөздердің, сөйлемдердің, көркемдегіш құралдардың оқушы жұмыстарынан орын алуы мүмкін. Бұл дұрыс па, жоқ әлде бұрыс па?

Мұны әр түрлі түсінуге болады. Бірінде оқушы мәтін мазмұнын терең меңгеріп, ондағы кейбір сюжеттің, көріністің, өзіне ұнаған сөз үйірімінің бастапқы қалпын сақтағысы келсе, кейбір оқушы мәін мазмұнын өз сөзімен беруге сөз қолданыс, сөйлем құрау дағдыларының қалыптаспауынан шығарма авторын сөзбе-сөз қайталауға келіп соғады. Бірінші жағдайда сол жазған мазмұндамасындағы жаңадан игерген сөз қолданыстары оқушының актив лексикасына айналса құба-құп. Ал, өткінші, тек баға алу үшін бір-ақ рет пайдаланып, кейіннен жадынан шығарса, онда алға қойған мақсаттың орындалмағаны.

Мазмұндама жазғанда көркем мәтінді қаз қалпында қайталауға жол бермеу үшін белгілі әдіскер-ғалым С.Тілешева мұғалімдердің мына мәселелерді мазмұны тартымды, оқиға қызғылықты, көркемдік қуаты жағынан жоғары талапқа сай болуы, мазмұндама жазар алдында мәтінді оқу, әңгімені негізгі бөлімдерге бөліп, оған тақырыптар беру, жоспарын жасату, тілін талдау, т.б. жұмыстарды орындатқан жағдайда оқушылар мәтіндегі барды қайталау болмай, нағыз шығармашылық жұмысқа айналатынын айтады.

Жазу техникасы: мазмұндама жазылатын мәтін ең алдымен сыныпта мәнерлеп оқылады. Қандай да болмасын әсерлі шығарма ұсынылған, ол нақышына келтіріп, дұрыс дауыс ырғағымен оқылмаса, қызығушылық сезімін тудыра алмас еді. Өйткені мазмұндама мәтіндерін оқушыларға оқып беруде мұғалімнің дауыс сазының әсерлі болуының маңызы зор. Сондықтан мазмұндама мәтінін оқығанда мұғалім дауыс ырғағын бірқалыпты сақтап, өзінің дикциясына қатты көңіл бөлгені жөн. Мәнерлеп оқуда екі түрлі талап қойылады. Олар – физикалық және психикалық. Біріншіден, оқыған кезде дұрыс тұру, демді еркін және терең алу, дауысты бірқалыпты сақтау болса, ал екіншісіне оқудың ритмін сақтау, сөзді анық айту, бірқалыпты оқу, пауза жасау, дауыс ырғағын тыныс белгілеріне сәйкестендіру, т.б. жатады.

Міне, сондықтан мазмұндама мәтінін мұғалімнің өзі оқып бергені жөн. Одан кейін мазмұны айтылып, мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздер мен сөз тіркестері (фразеологизмдер) түсіндіріледі. Мазмұндау жоспары түзіледі. Алғашқы кезде мұғалімнің көмегімен, кейіннен оқушылар өз беттерінше жоспар құрады. Жоспар жазылмақшы мәтіннің мазмұнына байланысты жай және күрделі болып келеді. Мәтінге жоспар құру, оның мазмұнын жоспарлап жазу дегеніміз – мәтін мазмұнын бөлім-бөлімге бөліп беру деген сөз. Мәтінді жоспарлау – оқылған шығарманың мазмұнын жүйелеп беру, ондағы оқиғаның, іс-әрекеттің орындарын алмастырып алмау үшін қажет. Жоспарлау мәтіндегі әңгіме болып отырған негізгі мәселені тани білуге баулиды. Мәтінге жоспар жасау, әдетте, жай жоспар күрделі жоспар жолымен жүзеге асырылады.

Мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, баяндау формасын өзгертіп мазмұндау. Мұнда бірінші жақта баяндалған мәтінді үшінші жақта, өткен шақта құрылған мәтінді келер шақ формасында өзгерте мазмұндау.

Дайын әңгіме бойынша жазылатын мазмұндаманың келесі түрі – ықшамдап мазмұндау. Мазмұндаманың бұл түрінде берілген мәтіннің айтылайын деген негізгі ойға қатыссыз, қосымша сюжеттер қысқартылып, ең негізгі, түпкі ойды жазады.

Қысқарта, ықшамдап мазмұндаудың да өзіндік маңызы бар, өйткені әңгімедегі іс-әрекеттердің негізгі және қосалқы жақтарын ажырату барысында да шығармашылық сипатқа ие болады. Мәтінді ықшамдау барысында әңгімедегі қосымша детальдардан түйінді ойды даралауға жаттығады, мазмұнды талдай отырып, қажетті материалды жинақтауға, көп ойды аз сөзбен беруге, пікірін қысқаша баяндауға дағдыланады. Ұсынылып отырған мазмұндаманың бұл түрін оқушыларды сөзді талғап, тандап қолдануға, сөйлемді жинақы құруға, аз сөзбен көп мағына беруге, тілін ширатуға септігін тигізеді.

Дайын мәтін бойынша жазылатын мазмұндаманың келесі бір түрі – толықтырып мазмұндау. Бұл жоғарыда айтылған ықшамдап мазмұндауға

керісінше берілген әңгіме мазмұнын толықтырып, кеңейтетін, ұсынылған ойға тың пікірлер, жаңа сюжеттер тапқызу мақсатында жүргізіледі. Мұнда оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсат етіледі.

Жұмыстың бұл түрінде бір әңгіменің қысқаша мазмұны беріледі. Негізгі ой ұсынылады. Оқушы өз жанынан берілген ойды күшейтетіндей детальдар қосып, мәтінді толықтырады. Жаңа сюжеттер қосып, баяндалған іс-әрекетті дәлелдей түседі. Мұндай жұмыстар оқушылардың таным процестерін дамытып, тілін ширатады.

Мазмұндаманың бұл түрін жаздыру мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейді. Тыңғылықты дайындалуын қажет етеді. Ұстаздардың үнемі есінде болатын мәселе: оқушыларға ұсынылатын мәтіндер мазмұны олардың күнбе-күн араласып, көріп-біліп жүрген, етене таныс зат, құбылыс оқиға және іс-әрекеттер болғаны жөн. Балалар сонда ғана жұмыс барысында онша қиналмай, тез төселіп кетеді.

2) Сурет бойынша мазмұндама жаздыру. Жұмыстың бұл түрін жүргізуде дайын әңгіме бойынша жүргізілетін мазмұндамаға ұқсас жүргізіледі. Олай дейтініміз мұнда да әңгіме мәтінін мұғалім алдын-ала әзірлейді. Бұл жұмыстардың бір-бірінен айырмашылығы сөз болып отырған мазмұндамада даяр мәтінге қосымша сол оқиға желісін ашатын сурет болады. Жұмыс барысында қылқалам туындысын пайдалана отырып мазмұндама жазу оқушылардың сурет мазмұнын түсінуге, шығармада бейнеленген зат не құбылыстарды бейнелі де көркем сөзбен өрнектеуді үйретеді. Баланың эстетикалық талғамын байытып, шығармашылық қиялына қанат бітіреді.

Суретті пайдалана отырып жазылатын мазмұндаманың мынандай түрлері бар:

- а) белгілі оқиғаға арналған бір сурет бойынша мазмұндама;
- б) бір оқиға мазмұнын ашатын сюжетті суреттер арқылы жаздырылатын мазмұндама.

Сурет және сюжетті суреттер бойынша жаздырылатын мазмұндамаларды түрлендіріп өтуге мүмкіндік мол. Атап айтқанда, сюжетті сурет бойынша өткізілетін мазмұндама мәтініндегі қайырымдар мен сөйлемдердің орындарын ауыстырып беріп, оны суреттің сюжетіне байланысты түзеттіріп немесе орны ауыстырылған суреттерді мәтін мазмұны бойынша жүйеге түсіріп, түрлері оқушының ойлауы мен қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады.

а) Сурет бойынша мазмұндаманы мына жүйеде жүргізуге болады:

Алдын-ала дайындалған қыс келбеті бейнеленген суретті іліп, сұрақ-жауап тәсілі бойынша дайындық жұмысы жүргізіледі.

1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Оны немен дәлелдейсіңдер?
2. Суреттің алдыңғы жағында кімдер көрінеді? Олар не істеп жүр?
3. Балалардың көңіл-күйлері қандай?
4. Ауа райы қандай деп ойлайсыңдар?
5. Суретке қандай ат қоямыз?
6. Қандай ой қорытындысын жасаймыз?

Суреттің мазмұны жоғарыдағы жоспар бойынша талқыланып, сұрақтарға дұрыс берілген жауаптар іріктеледі.

Мұғалім осы сурет бойынша дайындап келген мәтінді мәнерлеп оқып шығады.

Мұғалім мазмұндама мәтінін оқып болғаннан соң, әрбір қайырым суретпен салыстырылады. Балаларға мағынасы түсініксіз деген сөздер мен сөз тіркестері синоним сөздер арқылы түсіндіріледі. Кейбір сөздердің орфографиясын есте сақтау қажеттілігі ескеріліп, тақтаға жазылады.

Ұжым болып мазмұндаманың жоспары түзіледі.

Жоспардың үлгісі:

1. Таңертеңгі табиғат көрінісі.
2. Өзен жағасында.
3. Балалардың қыс қызығы.
4. Балалар соққан аққала.
5. Қорытынды.

Мәтін мазмұнын құрылған жоспар мен суретті салыстыра отырып бірнеше оқушы айтып шығады. Мұғалім қорытынды жасайды. Балалар мазмұндама жазуға кіріседі.

2. Сюжетті суреттер арқылы мазмұндама жаздыру. Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін алдын-ала мәтін дайындайды. Сол әңгіме мазмұнына сай бірнеше суреттер әзірлейді. Нәтижеде мәтінді негізгі бөліктерге бөлуге, баяндалған оқиғаның құрамды бөлшектерін тануға, ең бастысы – ондағы идеяны тап басуға дағдыланады. Сюжетті суреттер арқылы мазмұндаманың тағы бір ерекшелігі, біріншіден, сөзден сурет, екіншіден, суреттен сөз тудыру қабілеті қалыптасады. Яғни, шәкірттердегі ойлаудың абстракт-логикалық түрінің дамуына игі ықпал етеді. Шығармашылық байланыстың тұрақтылығы ғана табысты жетістікке жол салады.

## 2.3. Оқушылардың жазба жұмыстарында кездесетін қателер түрлері,

### оларды болдырмаудың жолдары

Көркем мәтінді меңгертуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі – мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылғандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін сөздер мен сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынандай түрлерін жүргізуге болады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама.
2. Сурет бойынша мазмұндама.
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

1) **Дайын мәтін бойынша мазмұндама.** Дайын мәтін бойынша мазмұндаманың өзін бірнеше түрге бөлуге болады:

- Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау.
- Мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, бірақ баяндалу формасын өзгертіп баяндау.
- Қысқарта баяндау.
- Толықтырып мазмұндау.
- **Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау.**

Мазмұндаманың бұл түрінде мәтіннің мазмұны бүтіндей қайталанбағанмен, түгелге жуық меңгеріледі. Мәтіндегі сөз тіркесі, сөйлемдер сөзбе-сөз қайталанбауы мүмкін, алайда кейбір жана сөздердің,

сөйлемдердің, көркемдегіш құралдардың оқушы жұмыстарынан орын алуы мүмкін. Бұл дұрыс па, жоқ әлде бұрыс па? Мұны әр түрлі түсінуге болады. Бірінде оқушы мәтін мазмұнын терең меңгеріп, ондағы кейбір сюжеттің, көріністің, өзіне ұнаған сөз үйірімінің бастапқы қалпын сақтағысы келсе, кейбір оқушы мәтін мазмұнын өз сөзімен беруге сөз қолданыс, сөйлем құрау дағдыларының қалыптаспауынан шығарма авторын сөзбе-сөз қайталауға келіп соғады.

Бірінші жағдайда сол жазған мазмұндамасындағы жаңадан игерген сөз қолданыстары оқушының актив лексикасына айналса құба-құп. Ал, өткінші, тек баға алу үшін бір-ақ рет пайдаланып, кейіннен жадынан шығарса, онда алға қойған мақсаттың орындалмағаны.

Мазмұндама жазғанда көркем мәтінді қаз қалпында қайталауға жол бермеу үшін белгілі әдіскер-ғалым С.Тілешева мұғалімдердің мына мәселелерді мазмұны тартымды, оқиға қызғылықты, көркемдік қуаты жағынан жоғары талапқа сай болуы, мазмұндама жазар алдында мәтінді оқу, әңгімені негізгі бөлімдерге бөліп, оған тақырыптар беру, жоспарын жасату, тілін талдау, т.б. жұмыстарды орындатқан жағдайда оқушылар мәтіндегі барды қайталау болмай, нағыз шығармашылық жұмысқа айналатынын айтады.

Жазу техникасы: мазмұндама жазылатын мәтін ең алдымен сыныпта мәнерлеп оқылады. Қандай да болмасын әсерлі шығарма ұсынылған, ол нақышына келтіріп, дұрыс дауыс ырғағымен оқылмаса, қызығушылық сезімін тудыра алмас еді. Өйткені мазмұндама мәтіндерін оқушыларға оқып беруде мұғалімнің дауыс сазының әсерлі болуының маңызы зор.

Сондықтан мазмұндама мәтінін оқығанда мұғалім дауыс ырғағын бірқалыпты сақтап, өзінің дикциясына қатты көңіл бөлгені жөн. Мәнерлеп оқуда екі түрлі талап қойылады. Олар – физикалық және психикалық. Біріншіден, оқыған кезде дұрыс тұру, демді еркін және терең алу, дауысты бірқалыпты сақтау болса, ал екіншісіне оқудың ритмін сақтау, сөзді анық айту, бірқалыпты оқу, пауза жасау, дауыс ырғағын тыныс белгілеріне

сәйкестендіру, т.б. жатады.

Міне, сондықтан мазмұндама мәтінін мұғалімнің өзі оқып бергені жөн. Одан кейін мазмұны айтылып, мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздер мен сөз тіркестері (фразеологизмдер) түсіндіріледі. Мазмұндау жоспары түзіледі. Алғашқы кезде мұғалімнің көмегімен, кейіннен оқушылар өз беттерінше жоспар құрады. Жоспар жазылмақшы мәтіннің мазмұнына байланысты жай және күрделі болып келеді.

Мәтінге жоспар құру, оның мазмұнын жоспарлап жазу дегеніміз – мәтін мазмұнын бөлім-бөлімге бөліп беру деген сөз. Мәтінді жоспарлау – оқылған шығарманың мазмұнын жүйелеп беру, ондағы оқиғаның, іс-әрекеттің орындарын алмастырып алмау үшін қажет. Жоспарлау мәтіндегі әңгіме болып отырған негізгі мәселені тани білуге баулиды. Мәтінге жоспар жасау, әдетте, жай жоспар күрделі жоспар жолымен жүзеге асырылады.

- **Мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, баяндау формасын өзгертіп мазмұндау.** Мұнда бірінші жақта баяндалған мәтінді үшінші жақта, өткен шақта құрылған мәтінді келер шақ формасында өзгерте мазмұндау.
- **Дайын әңгіме бойынша жазылатын мазмұндаманың келесі түрі – ықшамдап мазмұндау.** Мазмұндаманың бұл түрінде берілген мәтіннің айтылайын деген негізгі ойға қатыссыз, қосымша сюжеттер қысқартылып, ең негізгі, түпкі ойды жазады.

Қысқарта, ықшамдап мазмұндаудың да өзіндік маңызы бар, өйткені әңгімедегі іс-әрекеттердің негізгі және қосалқы жақтарын ажырату барысында да шығармашылық сипатқа ие болады. Мәтінді ықшамдау барысында әңгімедегі қосымша детальдардан түйінді ойды даралауға жаттығады, мазмұнды талдай отырып, қажетті материалды жинақтауға, көп ойды аз сөзбен беруге, пікірін қысқаша баяндауға дағдыланады. Ұсынылып отырған мазмұндаманың бұл түрін оқушыларды сөзді талғап, таңдап қолдануға, сөйлемді жинақы құруға, аз сөзбен көп мағына беруге, тілін ширатуға септігін тигізеді.

- **Дайын мәтін бойынша жазылатын мазмұндаманың келесі бір түрі – толықтырып мазмұндау.** Бұл жоғарыда айтылған ықшамдап мазмұндауға керісінше берілген әңгіме мазмұнын толықтырып, кеңейтетін, ұсынылған ойға тың пікірлер, жаңа сюжеттер тапқызу мақсатында жүргізіледі. Мұнда оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсат етіледі.

Жұмыстың бұл түрінде бір әңгіменің қысқаша мазмұны беріледі. Негізгі ой ұсынылады. Оқушы өз жанынан берілген ойды күшейтетіндей детальдар қосып, мәтінді толықтырады. Жаңа сюжеттер қосып, баяндалған іс-әрекетті дәлелдей түседі. Мұндай жұмыстар оқушылардың таным процестерін дамытып, тілін ширатады.

Мазмұндаманың бұл түрін жаздыру мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейді. Тыңғылықты дайындалуын қажет етеді. Ұстаздардың үнемі есінде болатын мәселе: оқушыларға ұсынылатын мәтіндер мазмұны олардың күнбе-күн араласып, көріп-біліп жүрген, етене таныс зат, құбылыс оқиға және іс-әрекеттер болғаны жөн. Балалар сонда ғана жұмыс барысында онша қиналмай, тез төселіп кетеді.

**Сурет бойынша мазмұндама жаздыру.** Жұмыстың бұл түрін жүргізуде дайын әңгіме бойынша жүргізілетін мазмұндамаға ұқсас жүргізіледі. Олай дейтініміз мұнда да әңгіме мәтінін мұғалім алдын-ала әзірлейді. Бұл жұмыстардың бір-бірінен айырмашылығы сөз болып отырған мазмұндамада даяр мәтінге қосымша сол оқиға желісін ашатын сурет болады. Жұмыс барысында қылқалам туындысын пайдалана отырып мазмұндама жазу оқушылардың сурет мазмұнын түсінуге, шығармада бейнеленген зат не құбылыстарды бейнелі де көркем сөзбен өрнектеуді үйретеді. Баланың эстетикалық талғамын байытып, шығармашылық қиялына қанат бітіреді.

Суретті пайдалана отырып жазылатын мазмұндаманың мынандай түрлері бар:

- а) белгілі оқиғаға арналған бір сурет бойынша мазмұндама;

б) бір оқиға мазмұнын ашатын сюжетті суреттер арқылы жаздырылатын мазмұндама.

Сурет және сюжетті суреттер бойынша жаздырылатын мазмұндамаларды түрлендіріп өтуге мүмкіндік мол. Атап айтқанда, сюжетті сурет бойынша өткізілетін мазмұндама мәтініндегі қайырымдар мен сөйлемдердің орындарын ауыстырып беріп, оны суреттің сюжетіне байланысты түзеттіріп немесе орны ауыстырылған суреттерді мәтін мазмұны бойынша жүйеге түсіріп, түрлері оқушының ойлауы мен қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады.

а) Сурет бойынша мазмұндаманы мына жүйеде жүргізуге болады:

Алдын-ала дайындалған қыс келбеті бейнеленген суретті іліп, сұрақ-жауап тәсілі бойынша дайындық жұмысы жүргізіледі.

1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Оны немен дәлелдейсіңдер?
2. Суреттің алдыңғы жағында кімдер көрінеді? Олар не істеп жүр?
3. Балалардың көңіл-күйлері қандай?
4. Ауа райы қандай деп ойлайсыңдар?
5. Суретке қандай ат қоямыз?
6. Қандай ой қорытындысын жасаймыз?

Суреттің мазмұны жоғарыдағы жоспар бойынша талқыланып, сұрақтарға дұрыс берілген жауаптар іріктеледі.

Мұғалім осы сурет бойынша дайындап келген мәтінді мәнерлеп оқып шығады.

Мұғалім мазмұндама мәтінін оқып болғаннан соң, әрбір қайырым суретпен салыстырылады. Балаларға мағынасы түсініксіз деген сөздер мен сөз тіркестері синоним сөздер арқылы түсіндіріледі. Кейбір сөздердің орфографиясын есте сақтау қажеттілігі ескеріліп, тақтаға жазылады.

Ұжым болып мазмұндаманың жоспары түзіледі.

Жоспардың үлгісі:

1. Таңертеңгі табиғат көрінісі.
2. Өзен жағасында.

3. Балалардың қыс қызығы.

4. Балалар соққан аққала.

5. Қорытынды.

Мәтін мазмұнын құрылған жоспар мен суретті салыстыра отырып бірнеше оқушы айтып шығады. Мұғалім қорытынды жасайды. Балалар мазмұндама жазуға кіріседі.

Сюжетті суреттер арқылы мазмұндама жаздыру. Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін алдын-ала мәтін дайындайды. Сол әңгіме мазмұнына сай бірнеше суреттер әзірлейді. Нәтижеде мәтінді негізгі бөліктерге бөлуге, баяндалған оқиғаның құрамды бөлшектерін тануға, ең бастысы – ондағы идеяны тап басуға дағдыланады. Сюжетті суреттер арқылы мазмұндаманың тағы бір ерекшелігі, біріншіден, сөзден сурет, екіншіден, суреттен сөз тудыру қабілеті қалыптасады. Яғни, шәкірттердегі ойлаудың абстракт-логикалық түрінің дамуына игі ықпал етеді.

**Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама жаздырудағы мақсат** – оқушыларды өз бетінше сюжет ойлап, әңгімені әрі қарай жалғастыра отырып, сәтті шешім тауып аяқтауға дағдыландыру.

Бұл шығармашылық жұмыс түрінде мазмұндама мен шығарманың элементтері кездеседі. Бұрын ылғи дайын мәтінмен жұмыс істеп қалыптасқан оқушы алғаш рет өз ойынан әңгіме құрап, өзіндік ой қорытындысын жасайды. Мұғалімнің негізгі мақсаты – баланы ойлантуға ситуация туғызу. Сол арқылы оның өзіндік “менінің” қабілетіне қанат бітіру, қайнар бұлағын ашу. Бала бойындағы “туа біткен тілдік қабілетін” ояту. Мұғалім бұл жұмысты “жеңілден ауырға қарай жүргізу” принципі негізінде істейді.

Алғаш рет оқушыларға ұсынылатын аяқталмаған әңгіменің оқиға желісі, сюжеті суреттер арқылы бағыт-бағдар беру негізінде жүргізіледі. Демек, оқушылар аяқталмаған мәтінді сюжетті суреттерге және ұжым болып құрылған жоспар негізінде жазып шығады. Атап айтқанда:

а) келесі кезеңде аяқталмаған мәтін, жартылай түзілген жоспар, әңгіме соңына бағыт-бағдар беретін сюжетті суреттер негізінде мазмұндама

жаздыру;

ә) аяқталмаған мәтін мен әңгіменің, сәтті тұжырымдауға сілтеме жасайтын жоспар негізінде мазмұндама жаздыру;

б) соңына дейін түзілмеген жоспар мен аяқталмаған мәтін арқылы мазмұндама жаздыру.

### **Жазба жұмыстарын бағалау өлшемдері**

Мектеп бітірушілердің сауаттылығын, білімін бағалау үшін жүргізілетін бақылау диктанттарындағы сөз саны белгіленген нормаға сәйкес болуы қажет.

#### **Бақылау диктантының белгіленген нормасы төмендегідей:**

5-сынып – 90-100 сөз; 6-сынып – 100-110 сөз; 7-сынып – 110-120 сөз; 8-сынып – 120-150 сөз; 9-сынып – 150-170 сөз; 10-сынып – 170-190 сөз; 11-сынып – 190-200 сөз.

Диктант мәтініне байланысты мұғалімдердің ескеретіндері: Қажет болған жағдайда мәтін мазмұны жөнінде қысқаша мәлімет беру. Сөйлемдердің құрылысы мен тыныс белгілерін, оқылу интонациясын ескеру. Жай сөйлем, құрмалас сөйлемдердің қандай түрлерінің барын анықтау, ондағы екпін, тыныс белгілеріне көңіл бөлу.

Сызықша, тырнақша тәрізді тыныс белгілерді қолдану жүйесі.

Егер диктанттың мәтінінде дұрыс жазылуы оқушыларға бұрын түсіндірілмеген қиын сөздер кездесе, онда олар тақтаға жазылады.

Мұғалім мәтінді әуелі мәнерлеп оқып шығады, содан кейін жеке сөйлемдерді оқып жаздыра бастайды. Соңғы сөйлем жазылып болған соң, диктант мәтіні толық қайта оқылады. Бұл ретте мәтін баяу оқылады.

Соңында мұғалімнің рұқсаты бойынша оқушылар өз жұмыстарын қосымша тексере алады. Диктант мәтінін таза қағазға көшіруге рұқсат етілмейді.

Бақылау диктанттарын бағалауда орфографиялық және тыныс белгілік қателері жеке-жеке есептеледі де жалпы бір баға қойылады.

**Диктантты бағалау төмендегі өлшемдерге негізделеді:**

**“5” деген баға** еш қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қатеге (1/0) немесе тыныс белгісінен жеңіл 1 қатесі бар (0/1) диктанттарға қойылады.

**“4” деген баға** емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар (3/3), немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 қатесі бар (2/4) немесе емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (1/5) диктанттарға қойылады.

**“3” деген баға** емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (6/5), немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қатесі бар (5/6), немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі бар (3/8) диктанттарға қойылады.

**“2” деген баға** емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (9/5), немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар (8/9) диктанттарға қойылады.

**“1” деген баға** қате саны “2” деген бағаға көрсетілген мөлшерден асып кеткен диктантқа қойылады.

Мазмұндама – оқушының өз ана тілі мен әдебиетінен алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама арқылы баланың өз ойын жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді.

**Мазмұндама мәтінінің көлемі төмендегідей болады:**

5-сынып – 100-150 сөз; 6-сынып – 150-200 сөз; 7-сынып – 200-250 сөз; 8-сынып – 250-300 сөз; 9-сынып – 300-350 сөз; 10-сынып – 350-400 сөз; 11-сынып – 400-450 сөз.

Мазмұндаманы бағалауда оқушы жұмысының мәтін мазмұны мен негізгі ойға сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, тіл шеберлігіне назар аударылады.

Мазмұндама мен шығармаға екі баға: біріншісі жұмыстың мазмұны мен көркемдік сапасы, тіл шұрайлылығы үшін, ал екіншісі грамматикалық сауаттылығы үшін қойылады.

**Шығарма** – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі,

көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.

Оқушы шығармасының құрылысы: тақырып, жоспар, эпиграф (мүмкіндігіне қарай, міндетті емес), кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, сонымен бірге материалды баяндау әдісі мен оның ретті жүйесі сияқты мәселелерден тұрады.

### **Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:**

1. Тақырыпты оқушының өз ойы және сөзі арқылы (оқулықтан көшірмей) толық аша білуі.
2. Жазып отырған тақырыптан алшақтамай, оның мазмұнын нақты ашуға талпыну.
3. Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен көпсөзділікке жол бермеу.
4. Шығармада сөз болған жайды оқушының өзі ғана емес, басқаларға да түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы.
5. Шығарманың барлық бөлімдерінің бір-бірімен тақырып, негізгі ой арқылы шебер байланысуы.
6. Шығарманың кіріспе мен қорытынды бөлімдері қоса алғанда тұтас жұмыстың 1/4 бөлігіндей болуы қажет.
7. Міндетті түрде жоспар болуы және шығарма мазмұнын жоспарға сай рет-ретімен жүйелі баяндауы қажет. Жоспар болмауы себепті шығарманың бағасы кемітілуі мүмкін.
8. Барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасау.
9. Оқушының өз шығармасында әр түрлі көркем шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып, орынды жерде дәйексөз келтіруі, ауыз әдебиеті үлгілерінен, сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен өте шағын үзінділерді қисынымен қолдану жоғары бағаланады, оның терең білімін танытады.
10. Шығармада қолданылған дәйексөздің қайдан алынғандығы айқын көрсетілуі және ол оқушының ойын қайталамай, оны дәлелдеуі, жалғасты-

руы қажет.

11.Шығармада жазушының өмірбаянына, әдеби шығарманың жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек.

12.Оқушының жұмысы стильдік біртектілігі мен тіл шеберлігіне қарай (сөздік қоры, сөйлем құрылысы, материалды берудегі көрікті ой, көркем тілі, тілінің образдылығы, ой сергектігі, сезімталдығы) бағаланады.

### **Шығарма көлемі мен уақыты төмендегідей болады:**

5-сынып – 0,5-1бет; 6-сынып – 1-1,5 бет; 7-сынып – 1,5-2 бет; 8-сынып – 2-3 бет; 9-сынып – 3-4 бет; 10-сынып – 4-6 бет; 11-сынып – 6-8 бет (оқушы дәптерінің беті).

Сыныпта жазылатын шығармаға сабақ кестесінен қатарынан екі сағат беріледі. Бітіру емтиханында - 6 сағат.

### **Шығарманың бағалануы туралы**

Оқушы шығармасын тексеру, бағалау мәселесін негізінен төрт салаға бөліп қарайды:

1. Мазмұндылығы мен идеялылығы.
2. Ой-пікірдің жүйелілігі.
3. Стили.
4. Грамматикалық сауаттылығы.

Бұлардың қай-қайсысы да оқушы білімін бағалауда маңзы. Шамамен алғанда, шығарманың идеялылығы мен мазмұндылығына оқушының тақырыпты қалай ашқандығы, қамтылған мәселенің дұрыстығы мен бұрыстығы, дәлелдігі, негізгі ойды жеткізе алуы жатады. Пікір жүйелілігіне шығарманың жоспарға сәйкестігі, әрбір бөлімнің мөлшері мен ой жүйесі, пікір ұтымдылығы, т.б. енеді. Тақырыпты ашуға байланысты ойын қалай жеткізгендігі, сөйлемдерінің оралымдылығы, сөз қолданысы, бір сөзді бірнеше рет қайталамауы, дәйексөзді қолдана білуі, сөйлемді ұрыс құруы сияқты мәселелер стильге жатады. Ал емле, тыныс белгілеріне байланысты жайлар грамматикалық сауаттылық тұрғысынан қаралады.

## **Әдебиет бойынша**

### **“5” деген баға:**

1. әдеби материалды терең ұғынып, өте жақсы түсінсе, оны тақырыпты ашу үшін дұрыс қолдана білсе;
2. тақырыпқа толық әрі нақты жауап берсе;
3. мәселені өзіндік ой-пікір тұрғысында дұрыс талдай білсе;
4. ойын жүйелі желімен жаза білсе;
5. тілі бай әрі әдеби тіл нормаларына сай болса;
6. шығарма құрылысы ой жүйесіне сай шебер қиысып келсе, стиль бірлігі сақталса;
7. фактілік қателер болмаса, сөзді орынды қолдана білсе;
8. қорытынды пікірі орынды, тиянақты болса.

Мазмұнында 1, тілінде 1 елеусіз қате болуы мүмкін.

### **“4” деген баға:**

1. жұмыс мазмұны негізінен тақырыпқа сай болса;
2. әдеби тілмен жазса, бірақ ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберсе;
3. қажетті қорытындылар мен түйіндеулерін дұрыс жасай алса;
4. ой жүйесінің шамалы бұзылуы байқалса;
5. стиль бірлігі сақталған, сөйлем құрылысы алуан түрлі, бай болса.

Мазмұнында 2, тілінде 2-3 кемшілік болуы мүмкін.

### **“3” деген баға:**

1. тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса;
2. материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген фактілік дәлсіздіктер кездессе,
3. баяндау желісі аздап бұзылса;
4. сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылысы бір үлгіде, біркелкі болса, сөзді орнымен қолдана алмаса;
5. стиль бірлігі сақталмаса, тілі солғын болса.

Мазмұнында 4, тілінде 5 кемшілік кездесуі мүмкін.

**“2” деген баға:**

1. жұмыс тақырыпқа сай келмесе;
2. көптеген фактілер бұрмаланса;
3. шығарманың барлық бөлімдерінде баяндау жүйесі бұзылса, жоспарға сәйкес келмесе;
4. сөздік қоры өте жұтаң, сөйлемдері қысқа, біркелкі, өзара байланыспаса, сөзді орнымен қолданбау жиі кездессе;
5. стильдік біркелкілік сақталмаса.

Мазмұнында 6, тілінде 7 кемшілік болуы мүмкін.

**“1” деген баға:**

1. тақырыпты мүлдем ашып жаза алмаса;
2. мазмұнында 7 және тілінде 7-ден артық кемшіліктер кездессе.

**Мазмұндама нормалары.**

| Сыныбы | Мазмұндама саны | Сөздер саны |
|--------|-----------------|-------------|
| 5      | 4               | 100-150 сөз |
| 6      | 3               | 150-200 сөз |
| 7      | 2               | 200-250 сөз |
| 8      | 2               | 250-300 сөз |
| 9      | 2               | 300-350 сөз |
| 10     | 3-4             | 350-400 сөз |
| 11     | 2-3             | 400-450 сөз |

**Шығарма нормалары.**

| Сыныбы | Саны | Сыныпта | Үйде |
|--------|------|---------|------|
| 5      | 4    | 3       | 1    |
| 6      | 4    | 2       | 2    |
| 7      | 4    | 2       | 2    |
| 8      | 6    | 3       | 3    |
| 9      | 7    | 4       | 3    |
| 10     | 8    | 4       | 4    |
| 11     | 9    | 5       | 4    |

**Бағалау нормалары.**

| Баға | Қателер саны |
|------|--------------|
| «5»  | 1/0 1/0 0/1  |
| «4»  | 3/3 2/4 1/5  |
| «3»  | 6/5 5/6 3/8  |
| «2»  | 9/5 8/9      |

## Қорытынды

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз.

Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;

- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Тіл қай елде, қандай қоғамдық құрылыста болмасын қатынас құралы керек десеңіз тіршілік құралы болып келеді. Отбасынан бастап, тілдің қоғамдағы қызметі туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Ал атам заманнан қазақ қоғамындағы тілдің орны, атқарған қызметі ерекше болғаны

баршаға аян. Бабаларымыздың «Өнер алды – қызыл тіл», «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген даналық сөздерінің өзі көп нәрсе аңғартса керек.

Рухани бай, жан – жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі тіл байлығы дер едік, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы оөйлей білетін, Абайша сілтегенде жұюекке жылы тиетін, «айнасы теп – тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет қалыптасады. Мектептегі тіл дамыту жұмыстарының ең тиімді жолдары пәнаралық байланысқа иек арту болып табылады.

Соның ішінде әдебиет пәні мен қазақ тілі пәндеріндегі тіл дамыту жұмыстарын жеке дара қарастырмай, үнемі, жүйелі түрде, бірлікте, бір мақсатта жүргізіп отырған нәтижелі, жемісті болмақ. Тіл байлығының ұғымы кең. Әр пәннің өз тілі, оған қойылатын өз талаптары бар.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### Негізгі әдебиеттер:

1. И.А. Каримов « Биздан озод ва обод Ватан қолсин» 2 том, Узбекистон нашриети. 1996 й.
2. И.А.Каримов. Жоғарғы руханият- жеңелмес күш. Ташкент. 2008 жыл.
3. Өзбекстан Республикасының «Тәлім туралы заңы».Ташкент.1997 ж.
4. Кадрлер дайындаудың ұлттық бағдарламасы.
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту куралы ретінде. Алматы, 2002.
6. Педагогика назарияси ва тарихининг айрим долзарб муаммолари. «Фан» 2006 йил.
7. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу – тәрбие үрдісіне енгізу. Алматы, 2002.
8. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы,2005 жыл.
9. Педагогика. Х. Ибрагимов. Ш. Абдуллаева.Ташкент.2007 ж
10. Толибов.Т. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари. Ташкент.2006 ж
- 11.Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. 5-11 сыныптар. А., 2000.
- 12.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., 2002.
- 13.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., 2000.
- 14.Ақшолақова Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., 2001.
- 15.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 2001.
- 16.Жұмажанова Т. Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 2000.
- 17.Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. А., 2003.
- 18.Ә.Қоңыратбаев. Халық ауыз әдебиеті. 2002 жыл.Алматы.
- 19.Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. 2006 жыл.Алматы.
- 20.Т.Қ.Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А. 2009 ж.
- 21.Қ.Тасболатұлы. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі. Тараз. 2002.

- 22.Әдебиет оқыту әдістемесі. 7-сынып. А.2007
- 23.Әдебиет оқыту әдістемесі. 5-сынып. А.2007
- 24.Қ.Ж.Бұзаубақова. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясы бастауыш сынып оқушысын дамыту құралы ретінде.А.2006.
- 25.Алпыспаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы,2000.
- 26.Қоңыратбаев Ә. 4-7 сыныптарда әдебиетті оқыту методикасы. Алматы.
- 27.Мемлекеттік білім стандарты. Алматы, 2000.
- 28.Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдасы. Алматы, 2000.
- 29.Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы, 2004.
- 30.Дайырова Ә. Орта мектепте І. Жансүгіров творчествосын оқыту.
- 31.Қалиев С. Мектепте Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары.
- 32.Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 2001.
- 33.Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. Алматы, 2000.
- 34.Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері.
- 35.Қожамұратов Ә.Күн астында –қүдірет.2000.
- 36.Айбергенов Т.Бір тойым бар.2006.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 2001.
2. Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. А., 2001.
3. Құрманбаева Г, Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 2000.
4. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 2000.
5. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 2000.
6. Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқытудың кейбір жолдары /методикалық жинақ/.
7. Құсайынов А., Оқулықтану мәселелері. А., 2000.
8. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева.Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи технологиясы. Оқу қолданба. Ташкент. 2007.